



ТҮРҒЫН ҮЙ
ТҮЙТКІЛДЕРІ

3-БЕТ | ЕЛ ТЫНЫСЫ



ДӘРУМЕН
ЖЕТІСПЕСЕ ШЕ?

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ТЕРМИНОЛОГИЯ
ТАРЛАНЫ

9-БЕТ | РУХАНИЯТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Жап-жас, балаң мемлекетіміздің тәуелсіздігіне сырттан зеңбірекпен төніп тұрған қауіп, құдайға шүкір, қазір жоқ. Мемлекетімізге, зарығып жеткен тәуелсіздігімізге төніп тұрған орасан қауіп – жемқорлық, парақорлық, ұрлық-қарлық.

Шерхан МҰРТАЗА

”

№148
(4736)
Бейсенбі
12 желтоқсан
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Қала тіршілігін қамтамасыз етудің ең негізгі тетігі – алдын ала бекітілген бюджеті. Кеше Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясында елорданың алдағы 3 жылға арналған бюджеті бекітілді. Сессия жұмысына қатысқан қала әкімі Жеңіс Қасымбек бюджеттің негізгі бөлігі әлеуметтік салаға, сондай-ақ бірнеше инфрақұрылым жобасын жүзеге асыруға бағытталатынын атап өтті.



ЕЛОРДА ЭКОНОМИКАСЫНДА ӨСІМ БАР

4

«СОҒЫМ FEST» ЖАЛҒАСАДЫ

Демалыс күндері өткен «Соғым Fest» жәрмеңкесінде астаналықтар 100 тоннадан астам ет өнімдерін сатып алды.

Алдағы сенбі-жексенбі күндері де Koktal сауда үйінде тұрақты өтіп келе жатқан азық-түлік жәрмеңкесінде соғым сату жалғасады. Жәрмеңкеде сиыр етінің келісі орташа есеппен 2300 теңгеден, қой еті мен жылқы етінің келісі 2300-2500 теңге аралығында саудаланады. Сондай-ақ жәрмеңкеде басқа да азық-түлік түрлерін делдалсыз, өндірушіден тікелей сатып алуға болады.



АЙБЕК – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Таиландта бокстан өткен Азия чемпионатында астаналық Айбек Оралбай ең ауыр салмақта чемпион атанды.

Қазақстан құрамасының капитаны Айбек Оралбай (+92 келі) финалдық жекпе-жекте Қытай боксшысынан басым түсті. Тағы бір астаналық боксшы Санжар Ташкенбай (48 келі) ақтық айкаста өзбекстандық қарсыласына жол беріп, күміс жүлдеге қол созды. Азия біріншілігінде Қазақстанның әйелдер құрамасы 5 алтын, 5 қола медаль иеленіп, командалық 1-орынға ие болды. Ерлер құрамасы 4 алтын, 5 күміс, 1 қола медаль иеленіп, командалық есепте 2-орынға тұрақтады. Ал 8 алтын алған Өзбекстан құрамасы 1-орыннан көрінді.



Бас қалада А.Бараев көшесі мен Республика даңғылының арасындағы туннельдің бір бөлігі жабылады.

Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы А.Бараев көшесі мен Республика даңғылының арасында орналасқан туннельдің жүріс бөлігіндегі судың ағып кетуін тексеру және жою жөніндегі жұмыстың жүргізілетіні туралы мәлім етті. Осыған байланысты 10-15 желтоқсан аралығында қажетті тексерулер жүргізу үшін жолдың бір жолағы ішінара жабылды. Бұл ретте қозғалыс екінші жолақ бойынша ұйымдастырылады.

АЛДАҒЫ МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ (14, 15, 16 ЖЕЛТОҚСАН) ҚАЛАЛЫҚ
ОРТАЛЫҚ КАССА ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 534.82 \$ USD/KZT 508.05 ₸ RUB/KZT 5.06 ¥ CNY/KZT 70.04

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



Төлен ТІЛЕУБАЙ

«БОЛАШАҚТА» 1800 ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ақтөбе облысына жұмыс сапары Хромтаудағы «Болашақ» шахтасын аралап көруден басталды. Шахтаның қуаттылығы жылына 7,5 миллион тонна хром рудасын өндіруге жетеді. Мемлекет басшысына жаңа нысанда 1800 жұмыс орны құрылатыны жөнінде мәлімет берілді. Тартылатын инвестиция көлемі 1 триллион теңгеден асады. Eurasian Resources Group директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Ибрагимов «Болашақ» шахтасы ERG компаниялар тобының ірі инвестициялық жобаларының бірі саналатынын атап өтті.

Кәсіпорын «Миллионное» және «Алмас-Жемчужина» кен орындарын игерумен айналысады. Кен қазу ісіне автоматты режимде бұрғылайтын интеллектуалды бұрғылау қондырғысы, қашықтан жер үстінде басқару жүйесі, сондай-ақ толықтай автоматтандырылған жүк көтеру машиналары секілді озық технологиялар мен заманауи құрал-жабдықтар қолданылады. Компания басшысының айтуынша, Дөң тау-кен байыту комбинатына қарасты «Болашақ» шахтасын іске қосу еліміздің тау-кен өнеркәсібіндегі тарихи оқиға болмақ.

КОЛЛЕДЖДІҢ БІЛІМНЕ ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Хромтау жоғары тау-кен техникалық колледжіне барды. Президентке бұл білім ошағы еліміздің батыс өңіріндегі тау-кен саласына мамандар даярлайтын жалғыз кәсіптік оқу орны екені баяндалды. 1979 жылы негізі қаланған колледжде 1157 студент кенші, ұңғылаушы, кен байытушы, слесарь, тау-кен электр механигі, электр монтері және басқа да мамандықтар бойынша білім алып жатыр.

Оқу орнының директоры Бағдашжан Молдашева Мемлекет басшысына білім беру үдерісінде қолданылатын озық технологиялар жөнінде мәлімет берді. Атап айтқанда, колледжде теориялық білімді тәжірибемен ұштастыратын дуальды оқыту жүйесі енгізілген. Студенттер колледж аумағындағы оқу-шахта полигонында өндірістік тәжірибеден өтіп, техникамен жұмыс істеудің күрделі әдіс-тәсілдерін меңгереді. Сондай-ақ жаттықтырушы-симуляторлар арқылы шахтадағы жағдайға барынша ұқсас ортада жұмыс дағдыларын үйренеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев колледж жұмысымен танысқаннан соң студенттермен және түлектермен кездесті. Әңгімелесу

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақтөбе облысына барды. Сапар барысында Президент өңірдегі бірқатар өндірістік кәсіпорынды аралап көрді. Сонымен қатар әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

барысында Мемлекет басшысы дуальды оқыту жүйесінің аса қажет екенін жеткізіп, аталған колледждегі теория мен өндірісті ұштастыру арқылы жүргізіліп келе жатқан білім беру ісіне жоғары баға берді.

Президент тау-кен саласы ел экономикасының маңызды бөлігі екеніне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, «Жұмысшы мамандықтары жылы» бо-

шалғай елді мекендерде тұратын балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасау үшін мектепке автобус сыйға тартты.

ҚҰБЫР ЗАУЫТЫНЫҢ ЖОСПАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Ақтөбе қаласындағы болат құбырларын шығаратын зауыттың жұмы-

уақытта шығарылатын өнім түрлерін көбейтіп, цехтардың қуаттылығын арттыруды көздеп отыр.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев жергілікті тауар өндірушілердің көрмесін аралады. Көрмеге өндіріс және теміржол саласына арналған жабдықтар, сондай-ақ медициналық қондырғылар мен дәрі-дәрмектер, арнайы киімдер,

микасының өсімі 6 пайызды құраған. Ал өнеркәсіп өндірісі 4 пайызға артып, осы жылдың алты айында шетелден тартылған тікелей инвестиция көлемі 175 миллион долларға жеткен.

Президентке Ақтөбе қаласының әуежайын мултимодалды хаб ретінде дамыту үшін мұнда арнайы экономикалық аймақ құрылатыны жөнінде мәлімет берілді. Бұл жобаға 1,2 триллион теңгеден астам инвестиция тартып, 5 мың жұмыс орнын ашу жоспарланған. Облыс әкімі Мемлекет басшысына өңірде жүзеге асырылып жатқан және 2025-2027 жылдарға жоспарланған инвестициялық жобалар туралы да айтты. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ақтөбе қаласында салынатын жаңа құрылыс нысандарының мәкеті таныстырылды. Президент тапсырмасына сай, шаһарда 700 орындық драма театры және 35 мың көрерменге арналған көпфункционалды стадион бой көтермек.

ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысы Ақтөбе қалалық полиция департаментінің жедел басқару орталығының ғимаратын аралап көрді. Нысан өңірдегі 15 мыңға жуық бейнекамера арқылы жергілікті жердегі ахуалды нақты уақыт режимінде тәулік бойы бақылауға мүмкіндік береді. Орталықтың жедел залында 32 инспектор мен «102» шұғыл желісінің 3 операторы жұмыс істейді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсенов полиция қызметінде қолданылып жатқан цифрлық жобалар туралы баяндады. Қазір Ақтөбе облысында 5 жедел басқару орталығы жұмыс істеп тұр. Осы орталықтар арқылы өңірде 1,8 мың қылмыстық құқық

бұзушылық ашылып, 187 мың жол жүру ережесін бұзу фактісі анықталған. Сонымен қатар Президентке ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллект технологиясы қолданыла бастағаны туралы мәлімет берілді. Аталған технология бақылау камераларындағы бейнеге талдау жүргізіп, жоғалып кеткен азаматтарды табуға көмектеседі. Сонымен қатар арнайы платформаға жүктелген фотосуреттер арқылы күдіктілердің бет-бейнесін танып, қажетті мәліметтерді де ұсынады. Бұдан бөлек жол жүру ережесін бұзу фактілерін тіркеп, көлік қозғалысын қадағалауға жәрдемдеседі. Мемлекет басшысы осы бағыттағы жұмысты жалғастыру қажет екенін айтып, қоғамда заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз етудің маңызына назар аударды.

ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Медициналық нысанда жылына 8200 нәресте дүниеге келіп, 13 мыңнан астам адам ем алады. Сонымен қатар «Аңсаған сәби» жобасы аясында жылына 130 ЭҚҰ жасалады. Ал ерте араласу орталығында 200 бала оңалту шараларымен қамтылады. Президентке орталықта туа біткен сырқаты бар нәрестелерге 50 кардиохирургиялық және орталымологиялық ота жасалғаны туралы мәлімет берілді. Орталық ашылғанға дейін мұндай диагнозы бар сәбилер Астана қаласында емделген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мекемеде жыл басынан бері жүзеге асырылып жатқан «Бір күндік клиника» жобасы таныстырылды. Аталған бастама қанмен берілетін ауруларды ерте бастан анықтауға көмектеседі. Осы жоба аясында бүгінге дейін 6 мың әйел медициналық тексеруден өткен. Мемлекет басшысы мекеме қызметкерлерімен әңгімелесіп, олардың жұмысына табыс тіледі.

БАЛАЛАР ФУТБОЛ АКАДЕМИЯСЫН АРАЛАДЫ

Президент Ақтөбе қаласындағы «Химик» стадионының базасында ашылған балалар футбол академиясына барды. Заманауи үлгіде жабдықталған нысанда жыл бойы спортпен айналысуға жағдай жасалған. Академияда қазір 780 бала үздік халықаралық тәжірибе бойынша жаттығады. Онда спорт залдары, әкімшілік, оңалту, ем-дом және басқа да қызмет көрсету кабинеттері орналасқан.

Мемлекет басшысы академияны аралап көріп, жасөспірімдермен және жаттықтырушылармен әңгімелесті. Қасым-Жомарт Тоқаев балаларды зиянды әрекеттерден сақтау үшін оларды спортқа көптеп тартудың маңызы зор екенін айтты.



лып жарияланған 2025 жылы отандық өнеркәсіпті қолдауға баса назар аударылады.

АШЫҚ САБАҚҚА ОНЛАЙН ҚАТЫСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев №1 Хромтау орта мектебін аралап көрді. Мемлекет басшысы мектептің білім беру ісіндегі ерекшеліктерімен және оқушылардың зертханалық жұмыстарымен танысты. Президентке бұл оқу ордасы «Ақтөбе облысының шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін цифрлық технологияларды қолдана отырып дамыту» пилоттық жобасына енгізілгені жөнінде ақпарат берілді.

Қанатқақты жоба шағын жинақты мектептерде цифрлық технологияларды қолдану арқылы білім берудің сапасы мен оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталған. Жоба аясында мұғалімдер қашықтан тәжірибе аталған білім ошағындағы және басқа да ауыл мектептеріндегі оқушылардың ашық сабағына онлайн-режимде қатысты. Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев

сымен танысты. Кәсіпорын жылына 20 мың тонна өнім өндіреді. Құны 3,5 миллиард теңге болатын нысан биыл шілде айында пайдалануға берілген. Зауыт құрылтайшысы Мирғали Бурбаевтың айтуынша, қазір өндіріс орнында құбырларды, металл әзірлемелерін дайындайтын қондырғылар іске қосылған. Президентке зауытты дамытудың ұзақмерзімді жоспары баяндалды. Кәсіпорын алдағы

тұрмыстық химия, сантехника бұйымдарын шығаратын кәсіпорындардың өнімдері қойылған.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМІ – 6 ПАЙЫЗ

Президентке Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады. Облыс басшысының айтуынша, биылғы 11 айда аймақ эконо-



ЗАҢНАМАҒА ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы» ұйымының басқарма төрағасы Хелен Кларкты қабылдады. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан 2007 жылы аталған ұйымға мүше болғаннан бері ӨСАБ стандарттарын сақтауға бейілдігін көрсетіп келе жатқанын атап өтті.



Елімізде жер қойнауын пайдаланушылардың ұйым талаптарын сақтау міндеттемелері және бюджетке аударатын салық пен басқа да төлемдері бойынша есебі заңнамалық деңгейде бекітілді.

Президент ұйым басшысына геологиялық барлау мен кен өндіру саласында қабылданған реттеу шаралары туралы ақпарат берді. Атап айтқанда, саланы дамытудың кешенді жоспары қабылданып, интерактивті карта мен 50 мыңнан аса геологиялық есептер қамтылған Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы іске қосылды. Бұдан бөлек, бизнестің барлау және өндіру жұмыстарына лицензия алу тәртібі жеңілдетілді.

Хелен Кларк ұйымның алдағы кезеңге арналған стратегиялық жоспарымен және басым бағыттарымен бөлісті. Ол Қазақстанның жер қойнауын пайдалануға қатысты заңнамалық актілерін жетілдіру жұмыстарын жоғары бағалады. Бұл кен өндіру өнеркәсібінің ашықтығын қамтамасыз ету талаптарын орындауға мүмкіндік береді.

2024 жылғы 8 желтоқсанда өткен Астана қаласы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау қорытындылары туралы

ХАБАРЛАМА

2024 жылғы 8 желтоқсанда бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Астана қаласы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына депутат сайлауы өтті.

Сайлаушылар тізіміне 37 135 азамат енгізілді. Дауыс беруге – 6 721 сайлаушы, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 70 азамат қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 6. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Астана қаласы мәслихаты депутаты сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

№6 сайлау округі бойынша: Баубек Нариман Асқарұлы үшін сайлаушылардың 156 дауысы берілді, Берікбеков Мұратбек Берікбекұлы үшін сайлаушылардың 238 дауысы берілді, Николайчук Максим Олегович

үшін сайлаушылардың 111 дауысы берілді, Нұрланов Атақозы Келденұлы үшін сайлаушылардың 92 дауысы берілді,

Разбекова Ляззат Мұратқызы үшін сайлаушылардың 5 873 дауысы берілді,

Разинков Александр Александрович үшін сайлаушылардың 101 дауысы берілді.

«Бөріне қарсымын» белгісі бар бюллетеньдер саны – 97;

Сайлау қорытындысымен бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Астана қаласы мәслихатының депутаты болып:

№6 сайлау округі бойынша – Разбекова Ляззат Мұратқызы, 1974 жылы туған, Астана қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК директоры сайланды.

Аумақтық сайлау комиссиясы

Төлен ТІЛЕУБАЙ

16 МЛН ШАРШЫ МЕТР БАСПАНА ТАПСЫРЫЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында құрылыс саласын дамыту мәселелері қаралды. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, «Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасы Рустам Қарағойшин, «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова баяндама жасады. Сондай-ақ бірқатар өңір әкімдерінің есебі тыңдалды.

10 айдың қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 15,7%-ға өсті. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев 2024 жылы 18,03 млн шаршы метр тұрғын үйді енгізу жоспарланғанын айтты. Осы жылдың қаңтар-қараша айларындағы динамиканы ескере отырып, қазірдің өзінде 16 млн шаршы метр салынды, бұл өткен жылдың сәйкес көрсеткішінің 107%-ын құрайды. «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова Үкімет басшысына «Наурыз», «Отау» және «Асыл мекен» сияқты ипотека бағдарламаларының іске асырылу барысы туралы баяндады. Быылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 6,6 мыңнан астам адам қарыз ресімдеп, өз баспанасының иесі атанды.

Премьер-министр Олжас Бектенов құрылыс саласы Қазақстан экономикасындағы негізгі салалардың бірі саналатынын, тұрғын үй мәселелерін шешуге, инфрақұрылымды дамытуға және жұмыс орындарын құруға тікелей әсер ететінін атап өтті. Мемлекет басшысының 2029 жылға дейін 111 млн шаршы метр жаңа тұрғын үйді іске қосу шеңберіндегі алға қойған міндеті жөніндегі 2023 жылы Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы өзеңтендірілді. Биыл Үкімет аталған секторды одан әрі ынталандыру мақсатында қосымша шараларды іске асырды. Атап айтқанда, Тұрғын үй саясатын реформалау туралы заң қабылданды, жаңа жеңілдетілген ипотека бағдарламалары іске қосылып, қаржыландыру көлемі артты.

Олжас Бектенов құрылыс сапасы мен іргелес инфрақұрылымды арттырудың, бөлінген қаражатты тиімді пайдаланудың және тұрғын үйге кезекте тұрғандарды өзеңтендірудің маңызын атап өтті. Премьер-министр өңірлердегі тізімдерді түгендеуді

50 000 АДАМ ҮЙІН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРЕ АЛАДЫ

Осы аптаның жағымды жаңалығының бірі ұзақ жылдар бойы баспана кезегінде тұрған қазақстандықтарға үй алу мүмкіндігі берілді. Бұдан былай тұрғын үйді бөлу, үй алуға кезекке қоюмен Ұлттық даму институты болып қайта құрылған «Отбасы банк» айналысады. Сонымен қатар тағы бір жаңалық, еліміздегі 50 мыңнан астам адам сатып алу құқығынсыз жалға берілген баспананы жекешелендіре алады. Бұл нормалар биылғы 4 желтоқсанның бастап, басқа жаңа нормалар 2025 жылдың мамырынан бастап күшіне енеді.



жеделдетуді тапсырды және кезекте нақты мұқтаж азаматтар болуы тиіс екенін атап өтті.

Үлестік құрылыс мәселесіне ерекше назар аударылды. Кепілдіктер бермей шарттар жасасу фактілерін болдырмау мақсатында үлескерлерді қосымша қорғау үшін заңнамаға түзетулер енгізіледі.

«Көптеген құрылыс компаниясы заң талаптарын айналып өтіп, үлескерлердің қаражатын тартуды жеңілдетіп келеді. Олармен ешқандай кепілдік берместен шартқа отырады. Қазір Парламент Мәжілісі Үлестік құрылыс мәселелері бойынша заң жобасын әзірледі. Министрлік депутаттармен бірге үлескерлер қаражатын тарту ісіне бақылауды күшейту нормаларын сапалы пысықтауы қажет. Бұған қоса, үлестік құрылысқа қатысты шартқа отыру тетігін әзірлеуді тапсырамын. Ол азаматтарымыз үшін тәуекелдерді толығымен жоюға тиіс» деп атап өтті Олжас Бектенов.

22 ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР САТЫП АЛАДЫ

Үкімет отырысында Өнеркәсіп және құрылыс министрі

Қанат Шарлапаев құрылыс саласындағы негізгі жетістіктер туралы баяндады. Бүгінгі таңда оның үлесі елдің ЖІӨ-нің 5,6%-ын құрайды. Салада 670 мыңға жуық адам, 53 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді. «2024 жылдың 11 айында құрылыс жұмысының көлемі 6,9 трлн теңгеге дейін өсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,3%-ға жоғары. Жалпы жыл соңына дейін жоспарланған көлем орындалады» деп мәлімдеді министр.

Биыл рекордтық түрде 18 млн шаршы метр тұрғын үй енгізу жоспарлануда, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 44%-ға жоғары. Осы жылдың 11 айында 16,3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін тағы 1,7 млн шаршы метр тұрғын үй тапсырылады. Салаға инвестицияны қарқынды тарту үшін Үкімет тұрғын үй құрылысын ынталандыру бойынша біршама шара қабылдады.

«Биыл бұл мақсатқа барлық көздер есебінен шамамен 965 млрд теңге қаражат жоспарланған. Бұл 160 мыңнан астам азаматтың 41 мың жаңа пәтерге көшуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар осал топтарға қолжетімді құралдарды ұсынуға ерекше көңіл бөлінуде» деді спикер.

Қанат Шарлапаевтың айтуынша, биыл мемлекеттік қаражат есебінен 22 мыңнан астам жалдамалы пәтер сатып алу үшін 336 млрд-қа жуық теңге қарастырылған. Жыл соңына дейін 165 млрд теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздар шығару арқылы 10 мыңнан астам несиелік тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда. Бүгінде аталған пәтерлер бойынша 2-5%-бен жеңілдетілген ипотека арқылы 7861 несие берілген.

Осы жылдың мамыр айынан бастап «Наурыз» жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Оның аясында осы жылы 300 млрд теңгеге 12000 ипотекалық несие беру жоспарлануда. Бүгінгі таңда шамамен 172,4 млрд теңгеге 6 мыңнан астам несие берілді. Тұрғын үй саясатын реформалау шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың есепке қою және үйлерді бөлу функцияларын Ұлттық даму институты – «Отбасы банкке» беруді көздейтін заң қабылданды. Бұл саясат үй алуды қолжетімді етеді. Тұрғын үйді бөлу тіркеу

күніне және табыс деңгейіне байланысты жүзеге асады. Бұл, ең алдымен, ұзақ уақыт бойы кезекте тұратын азаматтарды үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар әлеуметтік осал топтарға жалға берілген үйлерді жекешелендіруге мүмкіндік берілді. Бұл норма биыл 4 желтоқсанда күшіне енді. Осы шараның арқасында 50 мыңнан астам азамат үйлі болады. Жалпы реформалау бойынша қарастырылған жаңа өзгерістер келесі жылдың мамыр айында күшіне енгелі отыр.

«ОТБАСЫ БАНК» 32 895 АДАМҒА ҚАРЫЗ БЕРГЕН

Үкімет отырысында «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова 2024 жылдың 11 айында қаржы институты 32895 қарыз бергенін баяндады. Жалпы берілген несие сомасы 571 млрд теңгені құрады. Оның ішінде 7861 қарыз тұрғын үй кезегінде тұрған қазақстандықтарға берілді. Банктің өз бағдарламалары бойынша – 25034. Қарыздардың 40%-ы «Наурыз» және «Отау» бағдарламаларына тиесілі, оның шеңберінде банк жалпы сомасы 240 млрд теңгеге 9370 қарыз берді. Бағдарламаларды игеру маусым айында басталды, келесі жылдың басында жалғасады.

«Биыл екі мемлекеттік бағдарлама бойынша кезекте тұрғандарға баспана беру ісі жүргізілді. Бірінші бағдарлама – «Бақытты отбасы» бастапқы жарнасы 10%-ды құрайды. Оған қатысушылар – ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған азаматтар, I және II топтағы мүгедектігі бар жандар, көпбалалы отбасылар және жетім балалар. Республика бойынша 42 млрд теңгені құрайтын 3,5 мың қарыз берілді. Қалған 4,5 мың қарыз кезекте басқа нағыз тұрғын үй бағдарламасы екіінші бағдарлама – «Шаңырақ» бойынша берілді» деп атап өтті Ләззат Ибрагимова.

«Наурыз» және «Отау» екі ірі ипотека бағдарламаларын бір мезгілде іске қосудың маңызы «Отбасы банк» тұрғын үй нарығында бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында «Баспана маркет» жылжымайтын мүлік порталы арқылы қатысушылардың бастапқы тұрғын үйді тандау және брондау тетігін енгізді. Осы тетікке сәйкес құрылыс салушы 12 ай ішінде

тұрғын үй құнын көтермеуі тиіс. Қазіргі уақытта «Баспана маркет» порталында «Наурыз» және «Отау» бағдарламалары бойынша 921 тұрғын үй объектісі, 18940 пәтер жарияланған. Олардың ішінде үздік 5 құрылыс компаниясы бар.

«2024 жылы банк «Наурыз» және «Отау» бағдарламаларына барлығы 68,7 мың өтініш қабылдады. Бұл – сатып алу бойынша нақты сұраныс көлемі. Бағдарламаларды іске асыру барысында Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Павлодар және Атырау облыстарында алғашқы нарықтағы тұрғын үйдің тапшылығы байқалды, бұл жағдай 2025 жылы да қайталануы мүмкін. 2025 жылы «Наурыз» бағдарламасы бойынша шығарудың жоспарланған көлемі 300 млрд теңгені құрайды» деді спикер.

«Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасының айтуынша, бағдарламаларды талдау екі өзекті мәселені көрсетті. Біріншіден, көптеген қарыз алушы жөндеуге шығын шығармай, тұрғын үйді дайын күйде сатып алуды жөн көреді. Сондықтан банк құрылыс салушылар қауымдастығының өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді. Олар пәтерді порталда дайын күйінде орналастырады, ал сатып алушылар оларды 10% бастапқы жарнамен сатып ала алады. Екіншіден, бағдарламаға қатысу үшін депозитте 1 млн теңгенің болуы міндетті, ал конкурсқа жеңіске жеткен жағдайда қарыз алушы қысқа мерзімде 20%-ға толықтыруы тиіс. Бірақ бағдарламалар бойынша клиенттердің төмен конверсиясы байқалуда. Банкте қарастырылған 2,5 мың өтініштің тек 39%-ында ғана бастапқы жарна 20%-ды құрады. Сондықтан бағдарламаға қатысуға өтінім беру үшін ең төменгі қажетті соманы 1 млн теңгеден 2 млн теңгеге дейін ұлғайту ұсынылады. Бұл бағдарламаларды іске асыруды жеделдетеді.

«Бағдарламаларды жалғастыру мақсатында 2025 жылы қосымша 200 млрд теңге облигацияларды шығарамыз. Банк облигацияларды 14-15% дан нарықтың бағамы бойынша шығарады, 7%-ға дейін мемлекеттік субсидияланады. Купонның алғашқы төлемін 24 қаңтарда 8,18 млрд теңге көлемінде жүргізуді сұраймыз. 2025 жылы «Наурыз» бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін бюджеттен қаржы бөлу процесін тездетуді ұсынамыз. Аталған бағдарлама жас отбасылар арасында сұранысқа ие. Сондықтан банк жұмысты одан әрі жалғастыруды жоспарлап отыр» деп түйіндеді «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**БЮДЖЕТ ЖОБАСЫ
ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАРАЛДЫ**

Алдағы үш жылдық бюджет бойынша қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айжан Түгелбаева баяндама жасады. Құжатты дайындауға қалалық мәслихат депутаттары белсенді қатысып, олардың ұсыныстары ескерілді. Қала басшысы Жеңіс Қасымбек сол үшін депутаттарға алғыс айтып, бюджет жобасы жан-жақты қаралғанын атап өтті.

– Бюджет – қала тіршілігін қамтамасыз ететін ең маңызды құжат. Соңғы екі айдың ішінде комитеттерде, жұмыс топтарында үлкен жұмыс атқарылды. Сол арқылы қалада көптен келе жатқан проблемалар шешімін тауып отыр. Бұл – тек әлеуметтік сала ғана емес, күнделікті қала өміріне байланысты көптеген инженерлік мәселелер, қаланың әр тұрғынына өте маңызды жұмыстар. Жалпы бас қаланың экономикасы өзгеріп жатыр. Тарихта бірінші рет біз 4 триллион теңге көлемінде салық төлеп отырмыз. Оның 3 триллионы республикалық бюджетке, 1 триллионы қалаға құйылады. Әрине, бюджеттің негізгі бөлігі әлеуметтік салаға жұмсалады. Соның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, спорт, басқа да салалар бар. Және келесі жылы инфрақұрылымдық бірнеше жоба басталып, бірқатары аяқталады, – деді Жеңіс Қасымбек.

**МЕКТЕПТЕР КӨБЕЙІП,
МЕМЛЕКЕТТІК
БАЛАБАҚШАЛАР
БОЙ КӨТЕРЕДІ**

Қала әкімі өз сөзінде қазір өте өзекті болып отырған мектептерді салу мәселесіне тоқталды. Биыл жыл аяғына дейін 24 мектеп тапсырылатынын, келесі жылы «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында тағы 9 мектепті тапсыру жоспарланғанын, бұған қоса, жергілікті бюджет қаржысына және инвесторлар есебінен орта білім беру ошақтары салынатынын атап өтті.



– Келесі жылы кемінде қосымша 30 мың оқушы орнына арналған мектептерді салу мақсатын қойып отырмыз. Биыл мемлекеттік балабақшалар құрылысын қайта қолға алдық. Соңғы 5-6 жылдың көлемінде бұл жұмыс тоқтап қалған еді. Алдағы үш айда әрқайсысы 250-300 орынға арналған 3 балабақшаны пайдалануға беруді жоспарладық. Аталмыш жобалар «Пригородный» тұрғын алабында, Әйтеке би көшесінде, қаланың басқа аудандарында іске асырылып, жалғасын табады, – деді Жеңіс Қасымбек.

**СПОРТ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА
НЫСАНДАРЫ САЛЫНАДЫ**

Қала басшысы Қ.Мұңайтпасов стадионы, «Қазақстан» спорт кешені секілді тұралап қалған нысандар мәселесі алдағы үш жылдық бюджетте көрсетіліп, шешімін тапқанын, аты аталған стадионды келесі жылы пайдалануға беру, ал спорт кешенінің негізгі құрылысын аяқтау жоспарланғанын айтты.

– Бұл бюджетте көптеген медициналық нысандар бойынша жұмыстарды бастап, жалғастыру көрсетілді. «Самұрық-Қазына» АҚ, республикалық бюджет есебінен ірі жобалар іске асырылады. Атап айтқанда, №3 көпсалалы аурухананың құрылысы



ЕЛОРДА БЮДЖЕТІНДЕ ЕҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ЕСКЕРІЛДІ

Кеше Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясында әртүрлі бағыттағы 16 мәселе қаралды. Соның ішінде негізгілері елорданың 2025-2027 жылдарға арналған бюджетін бекіту және жастар саясатын жетілдіру, жастарды түрлі орталықтардың, бірлестіктердің, қоғамдастықтар мен қорлардың қызметіне белсенді тарту арқылы іске асырылатын жастар бағдарламаларының тиімділігін арттыру мәселелері болды. Отырысқа Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қатысты.

басталады. Перинаталды орталық бойынша келесі жылы негізгі жұмыстар атқарылады. Теміржол ауруханасына қаржы салдық. Биыл оны күрделі жөндеуді бастадық. Келесі жылы аталмыш нысанға қомақты қаржы бөлінді. Алдағы жылы мемлекеттік емхана құрылысын бастаймыз ба деп отырмыз, – деді қала әкімі.

артып отыр. Егер қоғамдық көлікті дамытпасақ, жекеменшік парк алға шығады. Ал бұл жолдарда кептелістің көбеюіне әкеледі, – деді қала басшысы.

**ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ
КӨЛЕМІ КЕМІМЕЙДІ**

Инфрақұрылымды дамыту бойынша келесі жылдың жоспарларына тоқталған әкім алдағы жылы жөндеу жолдардың көлемі биылғыдан кем болмайтынын жеткізді.

– Осы жылы елордада өте көп халықаралық іс-шаралар өтті. Сондықтан биыл жөндеу жолдардың көлемін былтырғымен салыстырғанда айтарлықтай көбейттік, – деді Жеңіс Қасымбек.

ЖЫЛУ ҚУАТЫ АРТАДЫ

Шаһар басшысы қалаға жылу беру көздерінің де көбейіп келе жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, биыл «Тұран» стансасының құрылысы аяқталады, жақын 2-3 жылдағы маңызды жоба болғандықтан, «Тельман» газ-жылу стансасы бойынша жұмыс белсенді жүргізіледі. Сондай-ақ үш локальді тазарту стансасы бойынша жұмыс басталады. Оның біріншісі өндірісті аймақта болса, қалғандары «Лесозавод» пен «Көкталда» орналасқан. «Тұран» стансасынан «Жағалау» шағын ауданы, Ш.Айтматов көшесіне қарай желі тартылады.

– Бұл үш жылдық бюджеттің ерекшелігі – әлеуметтік саланың 90 пайыз қажеттілігін қамтамасыз етеміз. Биыл бюджетті нақтылау 5 рет жүргізілді. Өткен қараша айында газдандыру, қоғамдық көлікпен қамту мәселелерін

тиянақтадық, – деді Жеңіс Қасымбек.

Ірі жобаларға тоқталған қала әкімі Тәуелсіздік көшесінің құрылысын бастау жоспарланғанын атап өтті. Бұл жұмыс жаңа көпірден басталып, «Пригородный» тұрғын алабын көктей өтіп, әуежайға дейін жалғасады.

– Сол арқылы Қабанбай батыр, Тұран, Мәңгілік ел даңғылдарындағы кептеліс мәселесін шешеміз. Н.Тілендиев даңғылындағы жолайрық салу мәселесі де шешімін табады. Бұл 5-6 жыл тұрып қалған жоба еді. Келесі жылы жолайрықты іске қосамыз. Жалпы мұндай жобалар аз емес, – деді қала әкімі.

**КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ
КЕМІНДЕ ҚОСЫМША
30 МЫҢ ОҚУШЫ
ОРНЫНА АРНАЛҒАН
МЕКТЕПТЕРДІ САЛУ
МАҚСАТЫН ҚОЙЫП
ОТЫРМЫЗ**

депрессия және тағы басқалар. Бұл, негізінен, қаланың қарқынды өсуімен, халықтың, әсіресе жастар мен орта жастағылардың көптеп келуімен және туу көрсеткішінің жоғары болуымен байланысты, – деді Есет Байкен.

Қала әкімінің орынбасары осы мәселелерді шешу үшін қолға алынған жұмыстарға егжей-тегжейлі тоқталды. Соның ішінде шаһар әкімдігі 2024-2026 жылдарға арналған «Елорда жастары» бағдарламасын басшылыққа алғанын атап өтіп, оның ең маңыздыларын баяндады. Атап айтқанда, қолжетімді және сапалы білім беру, кәсіби бағдар беру, жұмыспен қамту, жастар кәсіпкерлігі, тұрғын үймен қамту, жас отбасыларды қолдау, азаматтық қатысу мен жастарды әлеуметтендіру бағыттары бойынша жұмыстармен таныстырды.

– Қаладағы жас тұрғындардың қарқынды өсуін ескере отырып, жастармен жұмыс қала басшылығының ерекше бақылауында тұр және жоғары деңгейде жалғасатын болады, – деп түйіндеді баяндамасын Есет Байкен.

**КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ ЕЛ
LRT ИГІЛІГІН КӨРЕДІ**

LRT құрылысына тоқталған қала басшысы биыл оның эстакадалық бөлігінің құрылысы аяқталғанын атап өтті. Келесі жылы нысанды толығымен аяқтау жоспарланған.

– Қазір рельс құрылғыларының алғашқы шақырымдарын жаңа теміржол вокзалы аумағында салып жатырмыз. Бұл жұмыс қыс мезгілі бойы жалғасады. Келесі жылдың қыркүйек-қазан айларында пойыздар жүре бастайды деп отырмыз, – деді Жеңіс Қасымбек.

Қала әкімі 2-ЖЭО-дағы 7-8 қазандықтар туралы айта келе, бұл алдағы жылдары елорданың жылумен қамтудағы аса маңызды жоба екенін айтты. «Нұра» суағарының, «Тельман» тұрғын алабынан ЖЭО-ға қарай техникалық суағардың құрылысы басталатынын атап өтті. Келесі жылы ірі жоба кәріз-тазарту стансасы (КОС-2) салынатынын жеткізді.

**ТҰРҒЫН ҮЙМЕН
ҚАМТУ ТИЯНАҚТЫ**

Жеңіс Қасымбек биыл үлескерлердің негізгі мәселелері шешілетінін, келесі жылға қалған аяқталмаған нысандар тұрғын үй кезегінде тұрғандарға арналатынын атап өтті.

– Тұрғын үй кезегінде тұрғандар мәселесі шешіліп жатыр. Бюджетке тиісті қаржы салынды, – деді қала әкімі.

**ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС –
ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА**

Жастар саясатын жетілдіру жұмысы бойынша қала әкімінің орынбасары Есет Байкен баяндама жасады. Оның мәліметінше, қазір елордада 14-34 жас аралығындағы 456 мың адам тұрады. Оның 313 мыңы оқу оқып, жұмыспен қамтылған, 12 мыңы – ешқайда оқымайтын, жұмыс істемейтін жастар.

– Жастардың өзекті мәселелерін зерттей келе, елордалық жастар үшін бірінші орында экономикалық сипаттағы мәселелер тұр. Бұл – тұрғын үй, материалдық қиындықтар, жұмысқа орналасу және еңбекақы мәселелері. Екінші орында – мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындардағы білім сапасы. Үшінші орында – психологиялық мәселелер, яғни болашаққа деген сенімсіздік,

ТӘРТІПТІ ӨЗІҢНЕН БАСТА!

Елордадағы Astana IT University қабырғасында «Тәртіпті өзіңнен баста» бастамасы шеңберінде есірткі, киберқылмыс, лудомания профилактикасы, сонымен қатар жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру тақырыбында форум өтті. Іс-шараға аталған оқу орнының студенттері, Қаржы мониторингі агенттігі, Астана қаласы әкімдігінің өкілдері, полиция қызметкерлері, қоғам қайраткерлері, Мәжіліс депутаттары, жастар арасындағы қоғамдық пікір көшбасшылары, блогерлер қатысты.



Елорда әкімінің орынбасары Есет Байкеннің айтуынша, есірткі қылмысы мен қаржы пирамидасының ықпалына түскен жастармен кездесулер барысында олардың көбі сол істері үшін қандай жазалау шаралары болатыны туралы толық білмейтіні анықталған. – Полиция департаментінің деректеріне сай, биыл елордада интернет-алаяқтық бойынша 4,5 мыңнан

астам факті тіркелген, соның кесірінен 3 млрд теңгеден астам залал келтірілген. Бұл қала экономикасы мен азаматтардың қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіреді, шұғыл әрі кешенді шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді. Осыған орай, қала әкімдігі халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін профилактикалық іс-шараларды қарқынды түрде жүргізуде.

Атап айтқанда, мұндай іс-шараларға бейнероликтер, БАҚ-тағы жарияланымдар, оқу орындары мен мекемелердегі түсіндіру жұмыстары мен дәрістер жатады. Биыл сондай 600-ден астам дәріс өткізілген. Ақпараттық жұмыстарды күшейту мақсатында қалалық «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттері мен басқа да БАҚ беттерінде құқық қорғау органдары өкілдерімен сұхбаттар және мақалалар жарияланып тұрады. Жастардың хабардарлығын арттыру үшін әкімдік «Қаржылық сауаттылық негіздері» атты оқыту курсын әзірледі. Елордадағы 16 ЖОО-да тұрақты түрде семинарлар, кездесулер мен тренингтер ұйымдастырылып тұрады. Халықтың қаржылық сауатын арттыру бойынша жұмыс жалғасын табуда, – деді Есет Байкен.

Қаржы мониторингі агенттігінің ақпаратына сәйкес, ғаламторда биыл 47 қаржы пирамидасы анықталып, сол бойынша әлеуметтік желіде 2 миллионға жуық адам қатысатын 300 жабық чат белгілі болған. Зансыз айналымнан 300 кг есірткі, 20 кг синтетикалық есірткі тәркіленген. Осындай мәліметтермен қатар форум қатысушыларына қаржы пирамидасын ажыратуға, бірден тануға болатын бірқатар фактор айтылып, көрсетілді.

ОРТА БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ



Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының отырысында орта білім беру саласындағы еңбек пен жалақыны есепке алуды ұйымдастыру кезінде нормативтік-құқықтық актілердің сақталуына мемлекеттік аудит қорытындылары талқыланды.

«Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері елорданың бірқатар білім беру ұйымында қаржылық тәртіптің әлі де тиісті деңгейде емес екенін көрсетті. 2022-2024 жылдар аралығында 35 білім беру нысаны немесе жалпы 36,1 пайызын қамтыған

4 аудиторлық іс-шара өтті. Тексеру барысында лауазымдық жалақы мөлшеріне қол режимі арқылы «қайта есептеу» жүргізілгенде, артық есептелуі сияқты бұзушылықтар анықталды» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Мәслихат төрағасы қалалық Білім басқармасына қаржылық бұзушылықтарды жою бойынша Жол картасын әзірлеуді, ақылы қызметтер мен демеушілік көмектен түскен қаражатты талдауды тапсырды. Келесі жылы Қазынашылық департаментінің, Тексеру комиссиясының, құқық қорғау органдары мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департамент қызметкерлерін тарта отырып, директорлар мен есепшілерді оқыту іс-шараларын ұйымдастыру қажет екенін атап өтті.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ИГІЛІГІ



Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Готов пен ведомстволық ұйымдардың өкілдері: Astana Invest және Астананы дамыту орталығы басшылығының Astana Invest фронт-кеңсесінде өткен кездесуінде инвестициялық жобалар мен келер жылдың жоспарлары талқыланды.

– Елімізде инвесторлар үшін барлық қажетті жағдай жасалған. Өткен жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен Инвестициялық штаб құрылып, өңірлік Инвестициялық штабтың тұрақты отырыстары өтуде. Жергілікті және атқарушы органдар, сондай-ақ коммуналдық қызметтер елорда аумағында инвестициялық жобаларды іске асыруға қажетті қолдау көрсетуге дайын, – деді Е.Готов.

Astana Invest фронт-кеңсесі жыл басынан бері жұмыс істеп келеді. Қалада инвестициялық жобаларды жүзеге асырып жатқан жергілікті және шетелдік инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастыруда.

Ә.Мәмбетов көшесіндегі «Аффари» бизнес-орталығында орналасқан кеңсенің жұмысы «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастырылған, бұл инвесторларды тарту мен сүйемелдеу үдерісін және мемлекеттік қызметтерді ұсынуды жеңілдетеді.



ТҰРҒЫН АЛАПТАР ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институтында қалалық мәслихаттың көшпелі отырысы өтті. Қала әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов қатысқан жиында тұрғын алаптарды, қаланың шет аймақтарын одан әрі дамыту және Астананы кешенді абаттандыру мәселелері талқыланды. Отырыста елорданың 6 ауданы әкімдерінің баяндамалары тыңдалды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Қала тұрғындарына жайлы жағдай жасау бойынша кез келген жұмысты тұрғындармен ақылдасып істеген жөн. Аудандардың әкімдері мен мәслихат депутаттары белсенді тұрғындармен тікелей байланыста жұмыс істейді» деген қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов тиісті жұмыстардың Жол картасын дайындауды, онда 3 санатты нақты көрсетуді тапсырды. Яғни аталмыш құжатта басымдыққа ие жобалар, белгіленген мерзімде іске асырылуға тиіс жобалар және кейінге қалдырылған жобалар көрсетілуі қажет.

«Бұл құжат елордадағы тұрғын алаптарда жүзеге асырылатын жұмыстардың нақты жоспарын қамтамасыз етеді» деді мәслихат төрағасы.

Жиында жолдарды салу мен жөндеу, инфрақұрылымның тозуы мен оны жаңарту, көгалдандыру, абаттандыру және газдандыру, мектептер мен ауруханалар құрылысы, басқа да маңызды мәселелер қаралды.

Қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Смайылов Көктал-1, Көктал-2 тұрғын алаптары және ЛПУ елді мекені мәселелерін көтерді.

«Елорданың шет аймақтарында абаттандыру және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бо-

йынша көптеген жұмыс атқарылды. Бірақ шешілмеген мәселелер әлі де көп» деді депутат.

Оның айтуынша, ЛПУ-да газдандыру, жолдарды салу және жөндеу мәселелері бар. Көктал-1-де күкіртсутек шығындыларының проблемасы өте өзекті. Сондай-ақ №41 мектепке қосымша құрылыс салу, көріз және су бұру жүйелерін жүргізу, жолдарды жөндеу секілді мәселелер шешімін күтіп отыр. Ал Көктал-2-де иттер мен мысықтарға арналған питомник мәселесі туындады.

«Бүгінгі таңда №41 мектепке қосымша құрылыс салу мәселесі ішінара шешілді. Биыл 350 млн теңге көлемінде қаражат бөлініп, қазаншұңқыр қазылды. Бірақ тиісті жұмыс тоқтады. Мердігер құрылысты 2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқтауға уәде беріп отыр. Көктал-2-дегі питомникке жер телімін бөліп, тұрғын алаптан алыс жерлерге көшіру керек. Аталған мәселелерді ерекше бақылауға алуды сұраймын» деді Бауыржан Смайылов.

Жиынды қорытындылаған қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов келесі жылдың басында құрылыс, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, Энергетика, Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану, сондай-ақ Коммуналдық шаруашылық басқармаларының жұмыс жоспарлары тыңдалатынын жеткізді.

ДЕПУТАТТЫҚ МАНДАТҚА ИЕ БОЛДЫ

Кеше Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясы алдында қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Бейсембай Жұмабеков Байқоңыр ауданының №6 бірмандатты сайлау округі бойынша қалалық мәслихат депутаттарының сайлау қорытындыларын жариялады.

Нәтижесінде көпшілік дауыспен депутаттық мандатқа Технологиялық колледж директоры, елорда мәслихатының VII шақырылым депутаты болған Ләззат Разбекова-Төлеуханова ие болды. Оның алдындағы осы округтің депутаты Нұрлан Көпешов Энергетика басқармасының басшысы

қызметіне тағайындалды. Ләззат Разбекова-Төлеуханованы сессияға қатысқан Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, әріптестері атынан қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов құттықтап, қала тұрғындарының игілігі үшін атқаратын қызметіне сәттілік тіледі.

ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты «Астана қаласында халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету» тақырыбына көпшілік тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Көпшілік тыңдаулар 2024 жылғы 20 желтоқсан сағат 11:00-де мәслихаттың Facebook әлеуметтік желісіндегі аккаунтында онлайн режимінде өтеді.

Байланыс деректері: 55-66-35, astana@maslihat01.kz

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ЖАҢА МАМАНДЫҚТАРҒА МАШЫҚТАНЫП ЖҮР

Елордалық Joltar жобасы қала тұрғындарын жаңа мамандықтарға машықтандыруды белсенді түрде жалғастыруда. Әлеуметтік жоба игілігін көрген астаналық ерлі-зайыптылар курста алған білімінің көмегімен кәсібін дамытып келеді.



Анастасия мен Марк Гамалийдің белсенді дамып келе жатқан бизнесі бар, онда тиімді басқару үшін жаңа құзырет қажет болды. Олар гидравликалық лифт сатып алып, техниканы жалға алады.

– Уақыт өте келе, біздің автотаркте тағы 2 көлік пайда болды, алайда бізде құжаттаманы жүргізу, қызметтерді қарқындату және клиенттермен жұмыс істеу тәжірибесі болған жоқ. Біз сынақ пен қателіктен сабақ алдық, әріптестерімізден кеңес сұрадық, бірақ білім әлі де жетіспеді. Содан кейін біз бухгалтерлік есепті түсіну үшін курстарды, сондай-ақ сайтты әзірлеп,

жарнаманы баптай алатын мамандарды іздей бастадық, – деді Анастасия Гамалий.

Joltar жобасының жарнамасын көргеннен кейін ол білімін жетілдіріп, оқуға бел буған. 3 тамыз бен 12 қазан аралығында «бухгалтерлік есеп негіздері», «контент-криэйтор», «таргетолог» және «веб-дизайн және сайттарды әзірлеу» бағыттары бойынша курс оқып, «контент-криэйтор» курсы 7 күнде, ал «бухгалтерлік есеп негіздерін» 14 күнде аяқтады.

– Алған білім біздің бизнес үшін баға жетпес көмекке айналды. Мен бухгалтерлік құжаттарды ретке келтірдім, салықтар мен оларды

төлеу мерзімдері туралы бәрін білемін, Instagram парақшамыз үшін кәсіби контент жасаймын, сонымен қатар жаңа клиенттерді табуға мүмкіндік беретін таргет жарнамаларын іске қостым. Бұдан басқа, мен жақын арада іске қосуды жоспарлап отырған сайттың макетін әзірледім, – деді жоба түлегі.

Сонымен қатар Joltar жобасының курстары оның жұбайы үшін де пайдалы болыпты. Марк Гамалий «автомай» курсына шиномонтаж» курсынан өтті, енді бұл білім оған автогидрокөтергіштерге уақытылы техникалық қызмет көрсетуге көмектеседі. Жас кәсіпкер курстарды ұсынып, Joltar

жобасының ұйымдастырушылары мен оқытушыларына ыңғайлы жағдайда оқуға және жұмысқа көмектесетін білім алуға мүмкіндік бергені үшін алғысын білдірді.

Жалпы Joltar жобасы – елордада былтырдан бері жұмыс істеп келе жатқан әлеуметтік жоба. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылып отырған бұл жобаның мақсаты – халықтың табысын арттыру мүмкіндігін таңдауға көмектесу. Оған кез келген жұмыссыз жандар, NEET санатындағы тәжірибесі мен білім-білігі жоқ адамдар және табысын арттыруға мүдделі жандар тегін қатыса алады. Сабақтар қажетті заттармен жабдықталған жеке оқу сыныптарында өтеді. Қатысушыларға көп жылдық тәжірибесі бар мамандар сабақ береді. Оқу мерзімі 3 күннен 1 айға дейін созылады. Қатысушылар оқуды толық аяқтап, емтиханды сәтті тапсырған соң, әрқайсысына сертификат беріледі.

Joltar жобасына қатысу үшін байланыс орталығының нөміріне хабарласу қажет. Сонымен қатар жобаның «Баршаға мүмкіндік» деп аталатын модульдік бекеттеріне барып жазылуға болады.

Тұрғындар қаланың бос жұмыс орындары бар Jumys Tar Telegram-ботын пайдаланып, jumystar.kz платформасында тіркеле алады. Сондай-ақ олардың шағын бизнес ашуға арналған несие беру бағдарламалары туралы қысқаша мерзімді курстан өтуге мүмкіндігі бар.

Биыл Байқоңыр ауданының 34 тұрғын үй кешеніне сәулеттік-көркемдік жарықтандыру жасалды.

КӨШЕЛЕР КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Архитектуралық және көркемдік сипаттағы жарық көздерін қолдану арқылы ғимараттардың немесе қоғамдық кеңістіктердің көрінісін эстетикалық тұрғыдан жақсарту мен ерекшелігін айқындауға бағытталған жарықтандыру түрі қаланың келбетіне сән беріп қана қоймай, түнгі уақытта ғимараттар мен тұрғын үй аумақтарын жарықтандырып тұрады. Сол себепті бұл жарықтық дизайнның ерекше бағыты.

Байқоңыр ауданында жалпы сәулеттік-көркемдік жарықтандырумен жабдықталған 132 нысан бар, оның ішінде 110 көппәтерлі тұрғын үй кешені, 8 білім беру нысаны, 14 басқа да нысандар, атап айтсақ, мешіт, шіркеу, қоғамдық кеңістіктер жарықтандырылды.

Өткен жылы аталған бағыт бойынша 16 тұрғын

үй кешенінде осындай сәулеттік-көркемдік жарықтандыру жұмысы жүргізілген болатын. Ағымдағы жылы осы ауданда 20 көпқабатты тұрғын үй кешенінде жаңадан сәулеттік-көркемдік жарықтандыру жұмысы жүргізілді.

Сонымен қатар Республика даңғылындағы 14 тұрғын үй кешеніндегі жарықтандыруларға жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізіліп, қайта жаңартылды. Нәтижесінде биыл барлығы 34 тұрғын үй кешені сәулеттік жарықтандырылып, жаңа келбетке ие болды.

Сәулеттік-көркемдік жарықтандыру қалаларда және қоғамдық орындарда қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға, архитектуралық әсемдікті көрсетіп, кеңістіктің эстетикалық әсерін күшейтуге мүмкіндік береді.



БІРЫҢҒАЙ СӘУЛЕТТІК СТИЛЬ БОЛСА

Астананың сәулеттік келбетін жақсарту жұмысы барлық ауданда жүзеге асып жатыр.

Бүгінде Астананың қай көшесімен жүрсеңіз де елорданың дизайн-кодына сәйкес келмейтін және заңсыз ілінген жарнамалардан көз сүрінеді. Әсем шаһардың көркін бұзатын және көшелерде ілуге рұқсат етілмеген, стандартқа қайшы осындай жарнамаларды алып тастау жұмысы Есіл ауданында жалғасуда.

Жыл басынан бері аудан әкімі аппараты «Астана жарнама» КММ-мен бірлесіп, 120-дан астам ғимарат пен құрылыс қасбетін тексеруден өткізді. Тексеру нәтижесінде стандартқа сай келмейтін және елорданың жалпы келбетін бұзатын 1575 жарнама

нысаны алынды. Олардың ішінде 923 талапқа сәйкес келмейтін маңдайша және 652 сыртқы жарнама элементі бар, атап айтсақ, баннер, көрсеткіш пен витринадағы жапсырма алынды. Бұл шаралар елорданың бірыңғай сәулеттік-көркем келбетін қалыптастыру бойынша Жол картасын жүзеге асыру аясында іске асты. Мамандардың мәлімдеуінше, дизайн-код бойынша кәсіпкерлерге күрделі талап қойылып отырған жоқ. Ең бастысы, сыртқы жарнама ғимараттың қасбетіне, дизайн-кодқа сай болуы керек және тақтайшадағы жазулар сырт көзге оғаш көрінбегені абзал.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

ӨТІНІМДЕР ОНЛАЙН ҚАБЫЛДАНАДЫ

Бас қалада «Таза Қазақстан» онлайн-платформасы арқылы тұрғындардан өтінімдер қабылдануда, онда әркім қаланы абаттандыруға байланысты ойын ортаға салып, ұсынысын жеткізе алады.


«Таза Қазақстан» платформасы бойынша өтініштерді қабылдау жөніндегі оператор Айнұр Әкімсалдың айтуынша, бүгінгі таңда жүйеде 1000-нан астам өтінім тіркелген, олардың 8-і жұмыс үстінде, қалғандары орындалды.

– Өтінімдердің негізгі санаттарына аумақтарды абаттандыру, жарықтандыру мәселелері, жолдарды жөндеу, көгалдандыру, рұқсат етілмеген полигондарды жою және кіреберістердің санитарлық жағдайын жақсарту кіреді, бұл осы мәселелерді шешуге жүйелі көзқарастың қажет екенін көрсетеді, – деді оператор.

Нұра ауданы әкімдігі инфрақұрылым бөлімінің бас маманы Салавди Арықбеков бүгінге дейін келіп түскен өтініштер туралы айта келе,

порталдың артықшылығына тоқталады.

– Нұра ауданы бойынша 1 маусым мен 8 желтоқсан аралығында «Таза Қазақстан» платформасы арқылы 221 өтініш келіп түсті. Олардың барлығы пысықталды. Қабылданған шаралардың қорытындысы бойынша тұрғындар мемлекеттік органдардың жұмысын бағалай алады. Мысалы, аялдама павильонының санитарлық жағдайына шағым түсті. Мердігер ұйымдар павильонды ретке келтірді. Жалпы аялдамаларды күнделікті тазалау бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі. Алайда өтінімдер iKomek-ке немесе «Таза Қазақстан» порталы арқылы келіп түссе, біз әрқашан жедел түзету енгіземіз. Портал жұмысының басынан



аялдамаларды жинау мәселелері бойынша 221 өтініш келіп түсті. Олардың барлығы уақытылы өңделеді және тұрғындардың кері байланысы мен бағалауының арқасында біз қала тұрғындарының атқарылған жұмыстарға қаншалықты қанағаттанғанын көреміз. Қыста өтініштер саны артады, өйткені қардың еруіне байланысты аялдамаларды жиі тазарту қажет. Бұдан басқа, аялдамалардағы жылумен жаб-

дықтау жүйесінің жұмысына байланысты өтінімдер келіп түседі. Барлық ескерту уақытылы өңделеді, бұл тұрғындарға қолайсыздықты азайтуға мүмкіндік береді. «Таза Қазақстан» порталының басты артықшылығы – тұрғындармен жылдам әрі ашық кері байланыс орнату, – деді бас маман.

Бүгінгі таңда тұрғындармен белсенді байланыс орнатылуда, олардың ескертулері мен ұсыныстары ескеріледі.

БАҒАНЫ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

Нұра ауданының тұрғын үй кешендерінде орналасқан дүкендерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі.

Мұндай азық-түлік қатарына 19 қажетті тауар кіреді, олар: ұн, нан, макарон, жұмыртқа, қарақұмық, күріш, қант, күнбағыс майы және сары май, тауық және

сиыр еті, сүт өнімдері (сүт, айран, сүзбе), картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат және тұз. Оларға ең жоғары сауда үстемесі 15 пайыз болып белгіленді. Дегенмен

кейбір жекеменшік кәсіпкерлер мұны сақтамайды. Осыған орай, жүргізілген тексеріс жұмысы 700-ге жуық үй маңындағы сауда нүктелерін қамти-

ды. Бұзушылықтар анықталған жағдайда, «Сауда қызметін реттеу туралы» заң шеңберінде шаралар қолданылады. Сауда үстемесінің асып кетуі ескертуге әкеледі, ал бір жыл ішінде қайталанған бұзушылықтар анықталса, кәсіпкерлерге олардың санатына қарай 10 АЕК-тен бастап айыппұл салынады.

ДӘРУМЕН ЖЕТІСПЕУШІЛІГІН ҚАЛАЙ БІЛЕМІЗ?

Қыс мезгілі – ағзамыз үшін нағыз сынақ. Күннің қысқаруы мен суық ауа райы дәрумендердің жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін, бұл біздің жалпы жағдайымызға әсер етіп, иммунитетті әлсіретеді. Сондықтан денсаулықты қорғау үшін қоректік заттар теңгерімін сақтау өте маңызды. №1 көпсалалы аурухананың учаскелік терапевті Алла ДИДКОВСКАЯ дәрумен тапшылығы мен қыста денсаулықты қалай күту қажеттігін егжей-тегжейлі айтып берді.

– Авитаминоз бен гиповитаминозды қалай ажыратуға болады?

– Екеуі де дәрумендердің жетіспеушілігіне байланысты жағдай. Бірақ олардың тапшылық дәрежесі мен клиникалық көрінісі әртүрлі. Авитаминоз – бұл белгілі бір витаминнің организмде толық болмауы, гиповитаминоз – тек оның жеткіліксіздігі. Мысалы, қатаң диета кезінде біз дәрумендерді рационимыздан алып тастаймыз, бұл авитаминозға әкеледі. Сонымен қатар дәрумендердің сіңірілуінің бұзылуы, яғни ас қорыту жүйесінің аурулары және генетикалық бұзылыстар жатады. Гиповитаминоз дұрыс емес тамақтанудан, витаминдерге деген жоғары қажеттіліктен (мысалы, жүктілік, лактация кезінде) немесе олардың сіңірілуінің жартылай бұзылуынан туындайды. Гиповитаминоз кезінде D дәрумені бұлшық еттерде жеңіл ауырсыну немесе шаршауды тудыруы мүмкін, ал D витаминінің авитаминозы балаларда рахитке, ал ересектерде остеомаляцияға әкеледі. Авитаминоз жылдам дамиды және ауыр зардаптарға әкеледі, ал гиповитаминозда белгілер баяу дамиды, жиі дұрыс тамақтану арқылы немесе дәрумендер ішкенде дұрысталады.

– Неліктен қыс мезгілінде ағзамызда дәрумендердің тапшылығы сезіледі?

– Қыс мезгілінде дәрумен жетіспеуінің негізгі себептері – рациондағы маусымдық өзгерістер. Әдетте, осы уақытта жаңа піскен жемістер



мен көкөністер аз болады, ал күн сәулесінің жетіспеушілігі адамдарда D витаминінің өндірісін төмендетеді және вирустық инфекциялардың қаупін арттырады. Осы себепті иммундық жүйені қолдау үшін дәрумендерге қажеттілік артады. Кей адамдар ағзаның қажеттіліктеріне сәйкес дәрумендерді жеткіліксіз қабылдау салдарынан авитаминозға көбірек бейім болады. Бұл көбіне тамақтану, денсаулық немесе өмір салты ерекшелігімен байланысты. Мұндай топтарға балалар мен жасөспірімдер, жүкті және емізетін әйелдер, қарт адамдар, созылмалы аурулары бар адамдар жатады.

– Дәрумен тапшылығының белгілері қандай?

– Дәрумен тапшылығын сездіретін бірнеше симптом

бар. Біріншіден, үнемі шаршау, әлсіздік және құрысу. Екіншіден, жұмысқа қабілеттілік пен зейіннің төмендеуі. Келесі белгілер – ашуланшақтық, апатия, депрессия және тәбеттің төмендеуі. Бұл белгілер ішкі сезімдерге қатысты болуы мүмкін, бірақ біздің денеміз де белгілі бір сигналдар бере алады: терінің құрғауы, қабыршақтануы, әсіресе ауыз қуысында жарылу; тырнақтардың сынуы және қабыршақтануы, шаштың түсуі; қараңғыда көрудің нашарлауы; буындардағы ауырсыну, сүйектердің сынғыштығы; анемия; аяқ-қолдардың уюы немесе жансыздануы; қызыл иектен қан кету және тістердің жалпы сезімталдығы; көгеруге бейімділік және жараның баяу жазылуы; жиі суық тию

аурулары. Қыста адамдарда жиі жетіспейтін витаминдер – D, C, B12, A және фолий қышқылы (B9 витамині).

– Авитаминоздың алдын алу үшін қалай дұрыс тамақтануымыз керек?

– Мұнда өнімдердің әртүрлілігі, маусымдылығы мен дайындалу әдістерін ескеру қажет. Дәрумендерді мүмкіндігінше сақтап қалу үшін тағамдарды дұрыс дайындау өте маңызды. Оның бірі – маусымдық өнімдерді, яғни апельсин, алма, анар мен құрма сияқты жемістерді, сондай-ақ сәбіз, қырыққабат, қызылша сияқты көкөністерді рационңызға енгізіңіз. Көп адам мұздатылған жидектер мен көкөністерде дәрумен жоқ деп ойлайды, бірақ шын мәнінде оларда пайдалы заттар жеткілікті мөлшерде болады. Тек жемістер мен көкөністер ғана ағзаны авитаминоздан қорғауға көмектеседі деп ойлау қате. Сонымен қатар ақуызға бай тағамдарды (майсыз ет, бұршақ дақылдары, сүт өнімдері), өсімдік майлары мен жаңғақтарды, толық дәнді өнімдерді (нан, сұлы майы) жеу маңызды. Солтүстік аймақтардың тұрғындары үшін, мұнда күн аз түссе, D витаминіне бай өнімдерді есте сақтау керек. Оларға майлы балық, жұмыртқа, ашытылған және ферменттелген тағамдар (қияр, табиғи йогурт) жатады. Бұл қағидалар дәрумендерге бай және толыққанды рацион құруға көмектеседі. Біздің тамақтануымыз көп нәрсеге әсер етеді, сондықтан оларға ерекше назар аудару қажет. Өнімдердің пайдалы заттарын сақтау үшін ұзақ уақыт бойы термиялық өңдеуден аулақ болыңыз, көкөністерді бұға пісіріңіз. Мүмкін болса, оларды шикі күйінде жеу ұсынылады. Рациондағы әртүрлілік қыста барлық қажетті дәрумендерді алу үшін маңызды.

Сұхбаттасқан
Сәбина АРЫСТАН


Астана медицина университеті Қазақстанда алғашқы болып QS Stars халықаралық рейтингінде төрт жұлдызға ие болды. Бұл жоғары баға университет оқытушыларының білігін, студенттердің сапалы білім алуын және ғылыми-зерттеу жұмысы мен халықаралық байланыстағы жетістіктерін көрсетеді.

АСТАНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ТОП ЖАРДЫ

Оқу ордасының баспасөз қызметі хабарлағандай, Астана медицина университеті бұған дейін QS Stars рейтингінде үш жұлдыз иеленген болатын. Ол кезде түлектердің жұмысқа орналасуы және халықаралық деңгейде даму бағыттары бойынша жоғары көрсеткішке жеткен. Қазіргі таңда QS Stars рейтингінде еліміз бойынша тек Астана медицина университеті – төрт жұлдыз алған алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны.

«Төрт жұлдыз иелену университетіміздің білім беру


саласындағы маңызды рөлін және әлемдік деңгейде оқу орнын қалыптастыру мүмкіндігін көрсетеді. Бұл жетістік – барлық университет ұжымы мен олардың үздіксіз дамуға деген ұмтылысының нәтижесі. Біз Қазақстанның медицинасы мен білім беру жүйесінің болашағына үлес қосатынымызға мақтанамыз. Сондай-ақ бұрынғы ректорымыз Камалжан Надыровтың осы жетістікке жетуге қосқан үлесін атап өткім келеді» дейді университеттің уақытша ректор міндетін атқарушы Виталий Койков.



Дайындаған Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

ЕҢ ЖАҚСЫ ӘДІС – ДИАГНОСТИКА

Бауыр мен ұйқы безінің қатерлі ісігі Қазақстандағы онкологиялық аурулар арасында үшінші орын алады. Бұрын бұл ауру көбіне қарт адамдарда кездессе, қазір мамандар бұл диагнозды 30-40 жастағы адамдарға да жиі қоя бастады.



Ұлттық онкологиялық орталықтың онколог-хирургі Бекқожа Ескендіровтің айтуынша, «қатерлі ісік» диагнозы бүгінгі таңда үкім емес. Егер ауру ерте кезеңде анықталса, 90 пайызға дейін емдеуге болады.

«Ең бастысы, уақытты жоғалтпай, емдеуді дер кезінде бастау қажет. Алайда көптеген адам мамандарға жүгінуден қорқып, салдарынан өз жағдайын төмендетіп алады. Емдеуді уақытында бастау өте маңызды» дейді Бекқожа Бакрамұлы.

Жалпы бауыр мен ұйқы безі қатерлі ауруының дамуына ең басты себеп – экология, стресс және дұрыс тамақтанбау. Барлығы адам денсаулығына теріс әсер етіп, ұзақ уақыт өткен соң онкологиялық ауруларға әкелуі мүмкін. Сол үшін дәрігерлер жылына кемінде бір рет іш қуысының ағзаларын тексеріп тұруға кеңес береді. Алғашқы тексеру қан зерттеуін қамтиды, ал қажет болған жағдайда, УЗИ, компьютерлік томография (КТ) немесе магнитті-резонанстық томография (МРТ) тағайындалады. Бұл зерттеулер нақты диагноз қоюға көмектеседі, өйткені КТ мен МРТ ісіктің қай жерде орналасқанын, оның көлемін және өмірлік маңыз-

ды тамырларды зақымдағанын көрсетеді. Осы зерттеулердің нәтижесінде дәрігерлер ең тиімді емдеу әдісін таңдауға мүмкіндік алады.

«Ісік ерте кезеңде анықталған жағдайда, барлық қажетті зерттеуден кейін мамандар операция немесе химиотерапия сияқты емдеу әдісін таңдайды. Сонымен қатар емдеу курсынан кейін тұрақты бақылау қажет, өйткені ісіктің жағдайы өзгеруі мүмкін. Егер ісік көлемі кішірейіп, өмірлік маңызды тамырлардан босаса, операция арқылы оны алып тастауға болады. Бауыр ісігінің қаупі – оның нервтік ұштары жөк, сондықтан кішкентай ісіктер алғашқы кезде байқалмайды. Симптомдар ісік өскенде ғана пайда болады. Тәбеттің болмауы, оң жақ қабырға астындағы ауырсыну, әлсіздік сияқты белгілер болуы мүмкін. Ал ұйқы безі ауруының белгілеріне арқадағы ауырсыну, тәбетсіздік, әлсіздік, тері мен көздің сары түстері жатады. Мұндай белгілер байқалғанда, дереу дәрігерге жүгіну қажет» дейді онколог.

Ұлттық онкологиялық орталықтың мәліметіне сүйенсек, жыл сайын клиника-диагностика бөлімшесіне 1500-ден астам

науқас бауыр мен ұйқы безінің ісіктері бойынша шағымданады. Олардың 100-інде қатерлі ісік анықталады, ал тек 50-60 адам ғана операцияға жіберіледі. Қалған науқастардың ауруы қатты асқынған, бұл емдеуді күрделендіреді екен.

Бекқожа Бакрамұлының айтуынша, ең қолжетімді диагностика әдісі – УЗИ, оны әрбір емханадан өтуге болады. Ұйқы безінің ісігінде ағзаны толықтай алып тастауға болады, бұл науқастың сауығуына мүмкіндік береді. Ал бауырда ісік анықталса, жағдай әлдеқайда күрделі, өйткені донорлық бауыр трансплантациясы қажет болуы мүмкін. Сондай-ақ бауырдың сегменті туыстарынан немесе қайтыс болған адамнан алынуы мүмкін. Емдеуді уақытында бастамаса, ісік тез өсіп кетеді. Мысалы, ісік алғашқы тексеруде кішкентай болса, бір айдан кейін ол үлкен көлемге ие болады екен.

Қорыта айтқанда, бауыр мен ұйқы безінің қатерлі ауруын ерте кезеңде анықтау – өмірді сақтап қалудың кілті. Уақытылы тексеру, дұрыс диагностика және емдеу адамның сау өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Елордада құзырлы органдар есірткіге қарсы күресті жүйелі түрде жүргізіп, ауқымды жұмыс атқаруда. Қырағылықты бір сәт те естен шығаруға болмайтын аса қатерлі қоғам дертінен көпшілікті сақтау – маңызды міндет. Әсіресе, жастарды қоғамдық кеселден айықтыру кезек күттірмейді. Осы тұра-сында Астана қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмы-сына қарсы іс-қимыл басқар-масының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Әлия ҚИБАТҚЫЗЫМЕН қалада на-шақорлықтың алдын алу жайында әңгіме өрбіттік.



БОЛАШАҒЫМЫЗ ҚҰРДЫМҒА ҚҰЛАМАСЫН!

– **Цифрлы дамыған заманда психотроптық заттарды сату да, сатып алу да жеңілдегені жасырын емес. Бас қалада бұл дертпен күрес қалай жүргізіледі?**

– Бүгінгі таңда нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған республикалық кешенді жоспары және мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар тартылған «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы іске асырылуда. Оның аясында уәкілетті органдармен нашақорлықтың алдын алуға және есірткінің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстарды анықтауға бағытталған бірқатар іс-шара жүргізілуде.

Нашақорлықтың алдын алу мақсатында мектеп оқушылары, оқу орындарының студенттерімен кездесулер, «Біз есірткіге қарсымыз!» деген ұранмен спорттық акциялар, есірткі заттарын жарнамалайтын қаладағы тұрғын үйлер мен ғимараттардың сыртындағы жазуларды өшіру акцияларын тұрақты түрде өткіземіз. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, жас журналистер арасында байқау ұйымдастырамыз. Мақсат – жастар арасында аталған дертпен күрес жүргізудің тиімділігін арттыру.

Есірткіні қолданудың қайғылы салдарын жастарға жеткізу үшін есірткі бизнесіне қарсы насихаттың кез келген түрін қолдану қажет. Осы бағытта жақында қалада «Тәуелсіздер» атты драма сахналанды. Меніңше, қоғамдық кеселдің зардабын танудың жаңа әрі тың әдісі ретінде театрдың әсері бөлек. Одан бөлек, халықаралық тәжірибелерді назарға алып, біліктілігімізді жетілдіре отырып, бұл кеселмен күресудің мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Жыл басынан бері Астана қаласында заңсыз есірткі айналымына қатысты 407 қылмыстық іс қозғалды. Оның 285-і есірткі затын сатумен байланысты болды. Сондай-ақ жалпы 449 кг есірткі заты тәркіленді. Олардың қатарында марихуана, гашиш, героин және 20 кг синтетикалық есірткі бар.

– **Есірткіні таратуға неліктен жастар көп тартылады?**

– Заңсыз есірткі айналымына қатысы бар тұлғалар пандемия кезін, барлығының онлайн отырған уақытты өз мүддесі үшін ғымыды пайдаланды, интернет-дүкендерді цифрландырып, жастарды есірткі саудасына көптеп тартуға мүмкіндік алды. Нәтижесінде нашақорлық бүгінде бизнеске айналған. Өзіндік маркетинг және тасымалдаушы мамандары бар бұл бизнеске 16-25 жас аралығындағы жастар еріп жатады. Оның себебі де әртүрлі. Бірі әлеуметтік жағдайы төмен, қаражат табамын дегендер болса, бірі – жеңіл ақшаны көздегендер, енді бірі ара-тұра ауқатты отбасылардан шыққан, жай ғана қызығушылық танытқан жас азаматтар.

Жастар әлеуметтік жағдайымды өзім жақсартып, ата-анама күш салмаймын, оқуымды өзім төлеймін

деген сынды себептермен немесе оңай олжа табамын деп, опық жеп қалып жатады. Мәселен, жақында есірткі тасымалымен айналысқан колледждің білім алушысы ұсталып, одан 16 бума синтетикалық есірткі тәркіленді.

Есірткіге қатысты кез келген іске әкімшілік құқықбұзушылық ретінде айыппұл салынбайды. Заң бұл тұрғыда қатаң. Нашақорлықпен байланысты қандай да бір әрекетке барғандар тек қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Ең ауыр жаза – өмір бойына бас бостандығынан айыру.

– **Қоғам арасында есірткінің қай түрі көп таралған?**

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ЗАҢСЫЗ ЕСІРТКІ АЙНАЛЫМЫНА ҚАТЫСТЫ 407 ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ. ОНЫҢ 285-І ЕСІРТКІ ЗАТЫН САТУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БОЛДЫ. СОНДАЙ-АҚ ЖАЛПЫ 449 КГ ЕСІРТКІ ЗАТЫ ТӘРКІЛЕНДІ

– Қазір қолдануға бірінші кезекте «синтетика» шығып, оның өзі түрлендіріліп, қауіпті күшейте түсуде. Мұның ең қорқыныштысы, «дәстүрлі» есірткіге қарағанда жасөспірім бір-екі пайдаланғаннан-ақ тәуелді болып қалатындығында. Яғни синтетикалық есірткі өз кезегінде героиннан да қатты әсер етеді. Синтетиканы бірінші рет тұтынған адамның жағдайы героинды жарты жыл тұтынған адамның халімен бірдей болады. Синтетиканың бір сәттік ләззатын көргеннен кейін оның тұзағына қалай оңай түсіп кетіп жатқандарын жастар аңғармай жатады. Ал оның салдары өте ауыр. Оған тәуелді болған жастың көп дегенде 3 жыл ғана өмірі қалады, себебі ол артынан өз-өзіне қол жұмсауға бейім тұрады. Биік ғимараттан оп-оңай құлай салуға дайын болады. Көшедегі кішкентай көлшікті алып теңіздей көреді, ақыл-есінен айырылады.

Тағы бір сұмдығы, бұрын есірткіге құмартқандар тек тамырына егу арқылы өзіне ләззат алатын. Қазір иіскеп те, жалап та, көзіне, мұрнына тамызып та, шегіп те түрлі жолмен құмарын қандыратын болып жүр.

– **Нашақорлықтың алдын алуға бағытталған тиімді жобалармен бөлісеңіз.**

– Бүгінде нашақорлықпен күресте Полиция департаментінің ғана жұмысы аздық етеді. Сондықтан бұл іске қалалық мекемелермен бірге күш біріктіреміз. Мәселен, бұл бағытта «Smart Astana» қосымшасы өзіндік үлесін қосып отыр. Қосымшадағы есірткіні жарнамалауға және таратуға қарсы бағытталған «Есірткіге жол жоқ» сервисінің есірткі заттарының заңсыз жарнамасын жедел жоюға бағытталған функциясы бар. Пайдаланушы анықталған құқық бұзушылыққа қатысты фотосуретті немесе бейнені мобильді қосымшада тіркеп, кейін бұл өтініштер қарастырылып, әрбіріне қатысты құқық бұзушылық фактісі

бойынша заңнамаға сәйкес шаралар қабылданады. Сол сияқты «Сергек» камералары қылмыскерді жылдам анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, осы жылы «Сергек» камералары арқылы есірткі жарнамасын таратып, баласын бірге жетектеп жүрген әйел адам ұсталды.

Сондай-ақ елордалық волонтерлермен бірлесіп, есірткі жарнамасын бояуға күш саламыз. Кейбір жастар түрлі-түсті бояумен есірткі затын жарнамалайтын заңсыз граффити мен жазуларды қалдырып, қаланың сыртқы келбетін бұзып қана қоймай, жастар мен жалпы қоғамға қауіп төндіреді. Бірақ шындап келгенде,

ҚАДІРІ БӨЛЕК ҚОҒАМ САҚШЫСЫ

Полиция – қашанда халықтың қалқаны. Сонымен қатар олар – қоғамдағы тәртіпті сақтап, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең маңызды құрылымдардың бірі. Оның қызметі, міндеттері мен жауапкершілігі халықтың тыныштығын сақтау және заңды қорғау тұрғысынан маңызды рөл атқарады. Шын мәнінде сақшылар әр күні қиын және қауіпті жағдайларда жұмыс істейді, адамдардың құқықтарын қорғап, заңды бұзушыларға қарсы күреседі.

Шаһарат Әбдір

Міне, сондай халық үшін қажырлы еңбек етіп жүрген ҚР ІІМ-нің Үкіметтік мекемелерді күзету жөніндегі мамандандырылған күзет қызметі басқармасының взвод командирі, полиция майоры Досжан Молдахметов.

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Досбол би ауылында дүниеге келген. Әкесі Айдархан Молдахметов мал шаруашылығымен айналыса, анасы Ақкенже Әбдіраманова мектепте тәлімгер болып қызмет атқарған ол өзі қарапайым отбасында дүниеге келгендіктен бірінші кезекте елдің батасын алу, екіншіден, өзінің ата-анасы сияқты қарапайым тұрғындарға қызмет етуді адамдық және азаматтық борышы» деп санайтындығын айтады.

– Мен бала күніменен тәртіп сақшысы болуды армандадым. Тіпті достарыммен ойнайтын болсам да ұрыларды ұстап, қылмыскерлерді жазалап ойнайтынмын. Қазір міне, сол арманыма жетіп, халықтың қауіпсіздігін қорғау жолында күш-жігерімді сарқа жұмсап жа-

адам екінші біреуді тұншықтырып жатқанын байқап «Кім бұл? Не болып жатыр?» деп айқайладым. Сол сәтте ол баланы жіберді, қорыққаннан дірілдеп қалған бала оның қарымды саусақтарынан сытылып шығып маған қарай жүгірді. Ал ана жасы 45-50 шамасындағы ер адам болса үстіңгі қабат жаққа қашып кетті. Мен сол уақытта баланың жағдайын біліп сұрадым да, оның аса қатты жанына зақым келмегенін байқап, оны тыныштандырдым, жаңағы қылмыскердің соңына түсіп, оның қайда кеткенін көріп, бағытын бағдарлап алдым да өзім құтқарған баладан оқиға қалай болғанын, оны танитын танымайтынын сұрағанымда, бала маған оны танымайтынын, күш қолданып, лифтіден түсіріп алып ұрып-соққанын, мойнынан қылғындырып жатқанда менің келіп қалғанымды айтты.

Сол сәтте мен бірден баланың ата-анасының телефон нөмірін алып хабарласып болған жайтты айтып, тез келулерін өтіңдім. Ата-анасы жақын жерде екенін айтып дереу келді. Одан кейін 102 желісіне хабарласып болған оқиғаны айтып, келулерін сұрадық. Олар



тырмын. Шын мәнінде полиция болу – тек қана қылмысты ашып, заңды бұзушыларды жазалайтын адам емес. Ол – қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың кепілі, – дейді ол.

Жалпы бұл қызмет міндеттері мен жауапкершілігі көп аспектілерді қамтиды. Өйткені қоғамдық тәртіп пен заңды қорғау үшін полиция қызметкерлері тәуекелге барып, батыл қадамдар жасайды. Міне, сондай қадамдарының бірін еске алған Досжан Айдарханұлы бізбен әңгімелесу барысында өзінің ба-сынан өткен бір оқиғаны баяндап берді.

– Қарашаның жиырма сегізі күні кешкі сағат 22:15 уақыт шамасында қызметтен өзімнің тұрғылықты жерім, яғни Қ.Сәтбаев көшесінде орналасқан ЖК «Караван 2» мекен-жайындағы үйімнің 3-кіреберісіне кіргенімде жас баланың жылаған дауысы шықты. Ол айқайлаған сол сәтте лифт істемей, ішінде біреу қалып қойған болар деп жүгіріп барып лифтінің қарасам, ішінде адам жоқ, бірақ лифтінің қасындағы баспалдаққа қарағанымда бір

келгеннен кейін күдіктіні ұстады. Сол сәтте оның бойынан спирттік ішімдіктің иісі шығып тұрды. Әрі ол полиция қызметкеріне бағынбай, түрлі амал-айла істетті. Алайда оны полиция қызметкерлері қызметтік көлікке салып алып кетті. Міне, осылайша бір баланың өмірін құтқарып қалғаным бар, – деп еске алды Досжан Молдахметов.

Шындығында полициялардың жұмысын оң бағалаған кезде біз олардың күнделікті қызметінің қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Әрі Досжан сияқты батыр бабалар арқылы халық пен билік арасындағы алтын көпірдің аясын кеңейте түсеріміз анық.

Ал біздің кейіпкеріміз алдағы арманы халықтың сенімінен шығып, генерал дәрежесіне дейін көтеріліп, ІІМ-нің өзінде қызмет атқару екендігін де жасырмады. Біз оның нағыз елінің патриоты екендігін істеген ісі мен сөзінен байқауға болатын сақшы екендігіне көзіміз жетіп ризашылығымызды білдіріп, оның алдағы қызметтік жолына сәттілік тіледік.

10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№148 (4736) 12/12/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ 16 ЖЕЛТОҚСАН

QAZAQSTAN

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

6:00 Әнұран
6:05 «Инжу-маржан»
7:00 «TANSHOLPAN».
10:00 «Көңіл толқыны»
11:10 «БІРЕГЕЙ». Деректі фильм
12:00 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу.
13:10 «ТӘУЕКЕЛ».
13:45 «Дала дәмі»
14:00 «ТӨРЛЕТ, ЕҢБЕК АДАМЫ!».
16:25 «ЖОШЫ ХАН». Деректі фильм
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «Атамекен»
18:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». Телехикая.
20:00 «ҚАЗАҚТЫҢ БҮЛБҮЛЫ».
20:20 «ҚАЗАҚТЫҢ БҮЛБҮЛЫ».
22:15 «Ұлы дала таңы». Көркем фильм
0:45 АҚПАРАТ
1:20 «Тату-тәтті». Реалити шоу
2:25 «Атамекен»
2:50 «Жошы хан». Деректі фильм
3:25 «Ауылдастар»



5:00 Концерт. "Абайлаңыздар"
6:00 "Оян!"
10:00 "Странная жизнь Тимоти Грина"
12:00 Кино. "Мұстафа Шоқай"
15:00 Телехикая. "Өмір ғажап"
17:00 "Тамаша"
17:30 Документальный фильм. "Қазақстан на мировой арене"
18:00 Музыкальный сборник
19:00 Концерт. "Айналдым сенен, Атамекен-ай" Шәмшібай Сариев
20:15 Телехикая. "Өмір ғажап"
22:00 Художественный фильм "Странная жизнь Тимоти Грина"
0:00 "Алғашқы"

ASTANA TV

06:00 «Отан қымбат» концерті
07:00 «Маша и медведь» мультсериал
09:00 «Алпарслан 2» телехикаясы
10:00 «Қайраткер»
10:30 «Болашағы еліміңіз» Мерекелік концерт
12:30 «Реально нереальная история» Худ. фильм
14:30 «Шымкент шоу»
17:10 «Тойхана» Худ.фильм
19:00 «Көке» Худ.фильм Тұсаукесер!
21:00 «Алпарслан 2» телехикаясы
21:55 «Адақсан сезім» телехикаясы
23:10 «Осман» телехикаясы
00:00 «Боксер» Худ.фильм



ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ

6:00 «ВЕЧНОСТЬ» телехикаясы
8:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» бағдарламасы
9:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:00 «ИГРА В СУДЬБУ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
19:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ЛИХАЧ». ВТОРОЙ СЕЗОН
1:00 «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ»
2:00 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
2:30 «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА»
4:10 «ҰШҚАЛАҚ» бағдарламасы



ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ.

7:05 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (қайталау)
8:05 «НАМЫС», өзбек телехикаясы.
10:30 «КОГДА СПАДЁТ ПЕЛЕНА», мелодрама (худ.фильм) (повтор)
15:00 «ПОЦЕЛУЙ», мелодрама.
17:30 «БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ», реалити-шоу. (реалити-шоу)
19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «ОТСТАВНИК», остросюжетный детектив.
0:00 «ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС», новогодняя мелодрама
2:20 «БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ», реалити-шоу (повтор)
3:30 «ПОЦЕЛУЙ», мелодрама (повтор)
4:20 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
5:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
5:30 «НАМЫС», өзбек телехикаясы



06:00 Time Vine
07:30 TikTok show
07:00 Мультсериал «Маша и медведь»
08:00 «Убойный футбол» (повтор)
10:00 «Инновационный шоу» концерті
12:10 Анимационный фильм «Рио 2»
14:20 КИНО. «Король Лев» (повтор)
17:00 «Сокровище нации» (повтор)
20:00 КИНО. Николас Кейдж в боевике «Сокровище нации: Книга Тайн»
22:50 КИНО. Дуэйн Джонсон в боевике «Сокровище Амазонки»
01:00 «31 әзіл»
01:50 «Келіндер бәйгесі»
02:30 TikTok show
03:00 Time Vine
03:30 What's up?
04:00 Әзіл студия
04:20 1001 Әзіл
04:30 BALA BATLLE
05:00 Ризамын



6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:30 Жұлдызды шаңырақта
7:00 «Сөздің кысқасы».
7:30 Кухня Великолепного Века
8:00 «Абысындар-2". Телехикая.
9:00 «ЭРТУГРУЛ" Телесериал. (Турция)
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
11:00 «БРИЛЛИАНТОВАЯ РУКА»
13:00 "Жарқыраған жұлдыз"
14:00 «STRANGER».
18:00 «АБЫСЫНДАР-2". Телехикая.
19:00 «СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая. (Туркия)
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 «АППАК КЕЛІН" Көркем фильм
22:30 "ИГРА С ОГНЕМ" Телесериал.
23:30 «ШАТТЫҚ ТҰРАҒЫ" Телехикая.
0:30 «Жетінші студия".
1:30 "Келесі кім" Бағдарлама
2:25 "Жеңіп көр". Бағдарлама
3:25 "Япырай"
4:15 "Қуырдақ"

НТК

День Независимости.

07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07:35 «Қызық Live» (каз.)
08:20 «INSTA LIKE» (каз.)
09:00 «МИНЬОНЫ»
11:05 «ШОУ УРАЛЬСКИХ ПЕЛЬМЕНЕЙ»
12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
15:00 «РАЗЛОМ САН-АНДРЕАС» (фильм-катастрофа, Дуэйн Джонсон, Карла Гуджино)
17:30 «АРТУР, ТЫ КОРОЛЬ»
19:50 «ТИХОКОНАНСКИЙ РУБЕЖ» (фантастический боевик, Чарли Ханнэм, Идрис льба)
22:30 «УЛОВКИ НОРБИТА» (комедия, Эдди Мерфи, Тэди Ньютон)
01.20 «ХИЩНЫЕ ПТИЦЫ: ПОТРЯСАЮЩАЯ ИСТОРИЯ ХАРЛИ КВИНН» (фантастический боевик, Марго Робби, Юэн Макгрегор)
03.00 «Қызық Live» (каз.)
03.40 «Y-NIGHT SHOW» (каз.)
04.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
04.40 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ 17 ЖЕЛТОҚСАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «TANSHOLPAN».
10:10 «САБАЗ БЕН СҰЛУ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
13:30 «АТАМЕКЕН»
14:10 «АҚОРДА»
14:25 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
15:00 «ҚАРА ШАҒЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».
18:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
0:00 «АШЫҚ АЛАҢ».
1:35 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
1:55 «САНА».
2:55 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ
4:00 «АТАМЕКЕН»
4:25 «ЖӘДІГЕР»
4:50 «АУЫЛДАСТАР»



5:00 "КІМ МЫҚТЫ"
7:00 "ОЯН!"
9:00 "ТАЙНЫ МЕДОВОЙ ДОЛИНЫ"
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ИСЧЕЗНУВАША"
11:30 "ТАМАША"
12:00 НАРЕЗКИ. "COVER SHOW"
13:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "КЕЛІНЖАН"
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ӨМІР ҒАЖАП"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "МАЖОР"
18:00 "НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ"
18:30 НОВОСТИ
19:00 ТОК ШОУ. "ИТОГИ"
19:30 ЖАҒАЛЫҚТАР
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ӨМІР ҒАЖАП"
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. "ДОС ПЕН ДУШПАН"
22:45 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ДУРЬ"
0:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "МАЖОР"

ASTANA TV

06.00 «Лакшми» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультсериал
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
10.00 «Шаншар»
13.00 «Жалғыз жауқазын» телехикаясы
14.00 «Зу-Зу, Күлпеш» телехикаясы
15.00 «Жена по обмену» телесериал
19.00 «Осман» телехикаясы
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
21.55 «Адақсан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман» телехикаясы
00.00 «Жаңда мести» Худ.фильм



6:00 «ВЕЧНОСТЬ» телехикаясы
7:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
13:00 «НЕРАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ»
14:15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
19:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ЛИХАЧ». ВТОРОЙ СЕЗОН
1:00 «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ»
2:15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
2:30 «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА»
4:10 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»



7:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 "НАМЫС", өзбек телехикаясы.
9:20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:00 "БЫЛО ДЕЛО".
11:00 "ОТСТАВНИК"
13:00 "ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС", мелодрама
15:00 "ПОЦЕЛУЙ", мелодрама.
17:30 "БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ"
19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
20:00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "ОТСТАВНИК"
0:00 "ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС"
2:20 "БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ"
3:30 "ПОЦЕЛУЙ", мелодрама (повтор)
4:20 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (қайталау)
5:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
5:30 "НАМЫС", өзбек телехикаясы



06:00 Әзіл студия

06:30 Ризамын
07:00 «Хотя бы в кино» (повтор)
09:20 Мультсериал «Маша и медведь»
09:50 «12:00» телехикаясы
11:10 Тұсаукесер! «Тырна» телехикаясы
12:00 Мультсериал «Команда «Мстители»
12:20 «Вспомните все»
15:00 «Сокровище нации: Книга Тайн»
17:50 КИНО. Бен Аффлек в фантастическом боевике «Сорвиголова»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. Шарлиз Терон в фантастическом боевике «Эон Флак»
23:00 Тұсаукесер! «Тырна» телехикаясы
23:40 «31 әзіл»
01:00 «Келіндер бәйгесі»
01:50 Time Vine
02:30 TikTok show
03:20 What's up?
04:00 Әзіл студия
04:20 1001 Әзіл
04:30 BALA BATLLE
05:00 What's up?
05:20 Ризамын



6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:30 Жұлдызды шаңырақта
7:00 "Саясаткер" Бағдарлама
7:30 "Что это было?" Алмас Ашим.
8:00 "Абысындар-2". Телехикая.
9:00 "ЭРТУГРУЛ" Телесериал. (Турция)
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
11:00 "Балабол-7" Телесериал.
12:00 "КУХНЯ" Телесериал. (Россия, 2012)
14:30 "Бриллиантовая рука" Мосфильм,
16:30 "Аппак келін" Көркем фильм
18:00 "АБЫСЫНДАР-2". Телехикая.
19:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая. (Туркия)
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 "ЛОВЕЦ СНОВ" Телесериал.
23:00 "ИГРА С ОГНЕМ" Телесериал.
0:00 "ШАТТЫҚ ТҰРАҒЫ" Телехикая.
1:00 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы.
2:10 "Келесі кім" Бағдарлама
3:00 "Жеңіп көр". Бағдарлама
3:50 "Япырай"
4:40 "Қуырдақ"

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «Қызық Live» (каз.)
08.20 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «INSTA TV» (каз.)
09.20 «КУНГ-ФУ ПАНДА: ЛАПКИ СУДЬБЫ»
10.05 «ШОУ УРАЛЬСКИХ ПЕЛЬМЕНЕЙ»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Серилал «103»
17.20 «INSTA LIKE» (каз.)
17.35 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «И ЦЕЛОГО МИРА МАЛО»
20.30 «ТРИ ИКСА: МИРОВОЕ ГОСПОДСТВО» (боевик, Вин Дизель, Руби Роуз, Сэмюэл Л. Джексон)
22.30 «НАПАДЕНИЕ НА РИО»
01.00 «Қызық Live» (каз.)
01.40 «Y-NIGHT SHOW» (каз.)
03.00 Телехикая «Достық 99» (каз.)
03.50 «INSTA TV» (каз.)
04.10 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

СӘРСЕНБІ 18 ЖЕЛТОҚСАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «TANSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:00 «САБАЗ БЕН СҰЛУ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ».
13:30 «АТАМЕКЕН»
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «ҚОС ПАЛАТА»
14:30 «ФРАНКУФУРТ ЖӨРМЕҢКЕСІ».
14:45 «АКСАУЫТ»
15:00 «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:00 «ҚАРА ШАҒЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».
18:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
0:55 «ҚОС ПАЛАТА»
1:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
2:05 «САНА»
3:05 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ
4:10 «АТАМЕКЕН»
4:35 «АКСАУЫТ»
4:55 «АУЫЛДАСТАР»



5:00 "КІМ МЫҚТЫ"
7:00 "ОЯН!"
9:00 "ТАЙНЫ МЕДОВОЙ ДОЛИНЫ"
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ИСЧЕЗНУВАША"
11:30 "ТАМАША"
12:00 НАРЕЗКИ. "COVER SHOW"
13:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "КЕЛІНЖАН"
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ӨМІР ҒАЖАП"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "МАЖОР"
18:00 "КӨЗҚАРАС"
18:30 НОВОСТИ
19:00 ТОК ШОУ. "ТАЛҚЫ"
19:30 ЖАҒАЛЫҚТАР
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ӨМІР ҒАЖАП"
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. "ДОС ПЕН ДУШПАН"
22:45 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ДУРЬ"
0:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "МАЖОР"

ASTANA TV

06.00 «ЛАКШМИ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
07.00 «МАША И МЕДВЕДЬ»
09.00 «АЛПАРСЛАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
10.00 «ШАНШАР»
13.00 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН»
17.00 «ЗУ-ЗУ, КҮЛПЕШ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
19.00 «ВЕСНА МОЕГО СЕРДЦА»
20.00 «ОСМАН» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21.00 «ASTANATIMES»
21.55 «АДАСҚАН СЕЗІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
23.10 «ОСМАН» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
00.00 «ВЕСНА МОЕГО СЕРДЦА»



6:00 «ВЕЧНОСТЬ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
7:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
13:00 «НЕРАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
19:00 «КӨРЕМІЗ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ЛИХАЧ». ВТОРОЙ СЕЗОН
1:00 «ПЕТРОВКА, 38. КОМАНДА СЕМЕНОВА»
2:30 «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА»



7:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
7:30 "НАМЫС", ӨЗБЕК ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
9:20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
10:00 "БЫЛО ДЕЛО".
11:00 "ОТСТАВНИК"
13:00 "ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС"
15:00 "ПОЦЕЛУЙ", МЕЛОДРАМА.
17:30 "БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ"
19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
20:00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ТОК-ШОУ.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "ОТСТАВНИК"
1:00 "ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС"
3:20 "БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ", РЕАЛИТИ-ШОУ (ПОВТОР)
4:30 "ПОЦЕЛУЙ", МЕЛОДРАМА
5:20 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (ҚАЙТАЛАУ)
6:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО

06:30 TIME VINE
07:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 ТІКТОК SHOW
08:20 «МАША И МЕДВЕДЬ»
09:50 «12:00» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
11:10 ТҰСАУКЕСЕР! «ТЫРНА»
12:00 «КОМАНДА «МСТИТЕЛИ»
12:40 «ЭОН ФЛАК» (ПОВТОР)
14:50 «СОКРОВИЩЕ АМАЗОНКИ»
17:00 «ЗЕМНОЕ ЯДРО»
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «МАЛЬЧИКИ-НАЛЕТЧИКИ»
23:30 «ТЫРНА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
00:10 «31 ӘЗІЛ»
01:00 «КЕЛІНДЕР БӘЙГЕСІ»
01:50 TIME VINE
02:30 ТІКТОК SHOW
03:20 WHAT'S UP?
04:00 ӘЗІЛ СТУДИО
04:20 1001 ӘЗІЛ
04:30 BALA BATLLE
05:20 РИЗАМИН



6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:30 Жұлдызды шаңырақта
7:00 "Жетінші студия. Нартай Аралбайұлымен".
8:00 "Абысындар-2". Телехикая.
9:00 "ЭРТУГРУЛ" Телесериал. (Турция)
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
11:00 "Балабол-7" Телесериал.
12:00 "Ловец снов" Телесериал.
14:00 "КУХНЯ" Телесериал. (Россия, 2012)
16:00 "Тойхана" Телехикая. (Қазақстан)
17:30 Кухня Великолепного Века
18:00 "АБЫСЫНДАР-2". Телехикая.
19:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая. (Туркия)
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 "ЛОВЕЦ СНОВ" Телесериал.
23:00 "ИГРА С ОГНЕМ" Телесериал.
0:00 "ШАТТЫҚ ТҰРАҒЫ" Телехикая.

1:00 Late night show with
2:00 "Kecesi kim" Бағдарлама
2:55 "Жеңіп көр". Бағдарлама
3:45 "Япырай"
4:30 "Қуырдақ"

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «Қызық Live» (каз.)
08.20 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «INSTA TV» (каз.)
09.20 «КУНГ-ФУ ПАНДА: ЛАПКИ СУДЬБЫ» (мультсериал)
10.05 «ШОУ УРАЛЬСКИХ ПЕЛЬМЕНЕЙ»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Серилал «103»
17.20 «INSTA LIKE» (каз.)
17.35 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «УМРИ, НО НЕ СЕЙЧАС» (боевик, Пирс Броснан, Холли Берри, Джуди Денч)
20.30 «КОД 355» (боевик, Джессика Честейн, Пенелопа Круз, Эдгар Рамирес)
22.50 «ЗАТЕРЯННЫЕ В РИО» (вестерн-боевик, Александр Невский, Синтия Ротрок)
01.20 «Қызық Live» (каз.)
02.00 «Y-NIGHT SHOW» (каз.)
03.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
04.00 «INSTA TV» (каз.)
04.20 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

БЕЙСЕНБІ 19 ЖЕЛТОҚСАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «TANSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «САБАЗ БЕН СҰЛУ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ».
13:30 «АТАМЕКЕН» АМА)
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
14:45 «ПАРИЖ ТӨРИНДЕ: ҰЛЫ ДАЛА ЖАУАҒАРЛАРЫ». АРНАЙЫ ЖОБА
15:00 «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:00 «ҚАРА ШАҒЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТЕЛЕВИТОРИНА.
18:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
0:15 АҚПАРАТ
0:50 «АШЫҚ АЛАҢ».
1:45 «САНА».
2:45 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ
3:50 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
4:20 «АТАМЕКЕН»
4:45 «АУЫЛДАСТАР»



5:00 "Кім мықты"
7:00 "Оян!"
9:00 "Тайны медовой долины"
9:30 Телесериал "Исчезнувшая"
11:30 "Тамаша"
12:00 Нарезки. "Cover show"
13:00 Телехикая. "Келінжан"
14:00 Телехикая. "Өмір ғажап"
16:00 Телесериал. "Мажор"
18:00 "Біздің назарда"
18:30 Новости
19:00 Ток шоу. "Итоги"
19:30 Жаңалықтар
20:00 Телехикая. "Өмір ғажап"
21:45 Телехикая. "Дос пен душпан"
22:45 Телесериал. "Дурь"
0:00 Телесериал. "Мажор"

ASTANA TV

06.00 «Лакшми» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультсериал
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
10.00 «Шаншар»
13.00 «Жалғыз жауқазын» телехикаясы
14.00 «Зу-Зу, Күлпеш» телехикаясы
17.00 «Весна моего сердца» телесериал
19.00 «Осман» телехикаясы
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
21.55 «Адақсан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман» телехикаясы
00.00 «Весна моего сердца» телесериал

СУРЕТ СЫРЫ

ӘНШІ САПАРЫ

Бірнеше мәрте «Алтын дауыс», «Жыл адамы» атақтарының иесі, армян және ресей совет әншісі, Арменияның е



ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Астана қаласындағы «Динамо» спорт кешенінде Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай Астана қаласы және Ақмола облысы футбол ардагерлері арасында шағын-футболдан жарыс өтті.



«Ер есімі – ел есінде» деп аталған турнир Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен, Рақымжан Қошқарбаевтың туған-туыстарымен бірлесе отырып ұйымдастырылды. Турнирге Астана қаласының Ауғанстан соғыс мүгедектері мен ардагерлері ұйымы командасы, Ақмола облысының Целиноград, Қорғалжын, Атбасар, Астрахан аудандарының және «Темеш» құрама командалары қатысты. Салауатты өмір салтын насихаттауға, Астана спортының имиджін көтеру, жастарға әскери-патриоттық тәрбие көрсету, Ұлы

Отан соғыс ардагерлерінің мәртебесін асқақтатуға бағытталған іс-шараны майдангер батырдың ағайындас бауырлары Асқарбек Әбілмәжитов, Асылхан Әбілдин, Аслан Бабасов, Бекайдар Ильясов, Данияр Егінбаев секілді азаматтар зор үлес қосты. Жарыстың бас төрешісі Асхат Тұрсынбеков батырдың мерейтойына арналған турнирдің жоғары деңгейде өткенін атап өтіп, осындай іс-шаралар арқылы Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі халық жадында мәңгілік жасайтынын айтып, қатысушы командаларға алғысын білдірді.

Турнир барысында үздік шабуылшы, қорғаушы және қақпашы анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ турнирге қатысқан командалар арасында бірінші орынға «Темеш» құрама командасы, екінші орынға Астрахан ауданы командасы, үшінші орынға Астана қаласының Ауғанстан соғыс мүгедектері мен ардагерлер ұйымы және Атбасар ауданы командалары ие болды.

Турнир жеңімпаздары тиісті дипломдармен, кубоктармен және медальдармен марапатталды.

АСТАНАЛЫҚ ОҚУШЫ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Астана қаласындағы №86 мектеп-гимназиясының 2-сынып оқушысы Әбдіқайым Мұхаммедғали шахматтан Тайландта өткен Азия чемпионатында топ жарып, алтын медальға ие болды.

Елордалық оқушы бұған дейін шахмат ойынынан өткен «Akbulak Open-2023» халықаралық турнирінде бақ сынап, үш мәрте күміс жүлдегер атанған, әлем чемпионаттарына да қатысқан.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



КОНКУР

14 желтоқсан 10:00

«Арғымақ» ат-спорттық кешені



ҚОҢЫР ҮНДІ АМАНАТ

14 желтоқсан 17:00

Астана филармония



ӘН САЛАЙЫҚ БӘРІМІЗ

14 желтоқсан 17:00

Астана филармония



ДАРХАН ДАЛА

16 желтоқсан 17:00

Astana Opera



ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

16 желтоқсан 18:00

Қуанышбаев театры



ӘН МЕН ӘНШІ

17 желтоқсан 19:00

Астана филармония

ЗЕҢГІРГЕ САМҒАҒАН «ЗЕРДЕЛІ»

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Астанадағы «Зерделі» мектептері мен ақыл-ой дамыту орталығының құрылғанына 10 жыл толуына орай, осы орталықтан 10 жылда жарық көрген 100 кітаптың тұсауы кесілді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Тұсаукесерге ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжіліс депутаттары Бекбол Орынбаев, Амангелді Толамисов, Нұргүл Тау, Олжас Күспеков, ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Бекболат Жұмашев және білім саласының зиялы қауым өкілдері қатысты.

– Еліміздің дамуында әрбір адамның білімді әрі еңбекқор болуы айрықша маңызды. «Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Әсіресе қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес» деп Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, елімізді ғылым-техникасы дамыған елге айналдыру үшін математика мен жаратылыстану пәндерінің сапасын арттыру қажет. Зерделі мектептері осы мақсатқа адал қызмет етіп келеді. 10 жыл ішінде 100 оқулық жазу – ел дамуына қосқан үлкен үлес, – деді ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бекбол Орынбаев.

«Зерделі» орталықтары мен мектептер желісінің негізін қалаушы Ырысбек Мәуіттің айтуынша, бұл 100 оқулық мектеп оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытуға және олимпиада дайындығын жетілдіруге бағытталған. «Біз Атажұртқа не береді деп емес, не беремін деп келдік. Бүгін тұсауы кесілген 100 кітап – еткен еңбегіміздің бір бөлшегі. Басқалардың идеясымен жазылған оқулықтарды аударып алғанша, өз ұлттық болмысымызға бейімдеп неге оқулық жазбасқа деген мақсатпен үлкен жоба ретінде қолға алдық. Бүгінгі күнде орталығымыздағы мамандардың жазған математика, жаратылыстану, гуманитарлық және ағылшын тілі пәндеріне



арналған оқулықтардың саны 100-ге жетті. Әрине, біз бұл оқулықтардың санымен емес, сапасымен де мақтана аламыз. Өйткені жарық көрген кітаптар оқушылар мен мұғалімдер үшін маңызды оқу құралы болмақ. Біздің мақсатымыз – математика мен IT және ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын, қазақ тілінде білім беріп, ұлттық тәрбиені бойға сіңдіре білетін «үздік 50 мектеп» ашу. Қазір бес бағыт бойынша жұмыс істейтін зерделі осы мақсатқа жету үшін үздіксіз талпынады» деді ол.

Тұсаукесердің соңында Зерделі мектептерінде еңбек еткен 35 ұстазға Сингапурға

барып тәжірибе алмасуға сертификаттар табысталды. Өткен жылы «Зерделіде» сабақ беретін 30-дан аса ұстазды Лондондағы білім ордаларына тәжірибе алмасуға жіберген болатын.

2014 жылы Астанада балаларға математика мен логикадан қосымша білім беру орталығы ретінде ашылған Зерделі 2021 жылы Zerdeli халықаралық мектебі болып шаңырақ көтерді. Қазір Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстарда Zerdeli қарамағындағы 7 мектеп, 50 орталық жұмыс істейді. 20 мыңнан астам оқушы білім алады, 1200 ұстаз сабақ береді.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №148
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ